

1. .

1 МОДУЛЬ. ОТБАСЫ ҚЫЗМЕТТЕРІ, ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОТБАСЫНЫҢ ТҮРІ; ОТБАСЫ ДАМУЫНЫҢ ӨМІРЛІК ЦИКЛДЕРІ

1 Лекция. Отбасы әлеуметтік мәдени құбылыс ретінде.

1.1. «Неке» және «отбасы» анықтамасы.

1.2. Отбасы функциясының әлеуметтік мәні.

Бұрынғы ойшылдар отбасының табиғатын, мәнін анықтауда түрлі көзқарастарды ұстанды. Неке – отбасы қарым – қатынастарының сипатын анықтауға алғаш тырысқандардың бірі – ежелгі грек философы Платон. Оның пікірінше, отбасы дегеніміз - өзгермейтін бастапқы қоғамдық ұяшық: отбасылардың бірігуі нәтижесінде мемлекет пайда болған.

Француз ағартушысы Ж. Ж.. Руссо: «Барлық қоғамдардың ішіндегі ең ежелгі әрі жалғыз табиғи қоғам – бұл отбасы. Сонымен, отбасы – бұл, керек болса, саяси қоғамдардың бейнесі, үкімет - әке тәрізді, халық – балалары іспеттес», - деп жазды.

«Неке» және «отбасы» ұғымдары арасында тығыз байланыс бар.

Өткен кезеңдердегі және қазіргі заманғы әдебиеттерде «неке», «отбасы» сөздері синоним ретінде қолданылады, алайда бұл ұғымдардың ортақ жалпы мәні де, өздеріне ғана тән жеке мәндері де бар. Ғалымдардың дәлелдеуінше, неке мен отбасы әр түрлі тарихи кезеңде пайда болған.

Қазіргі социологтардың беретін анықтамасы бойынша, неке дегеніміз - әйел мен еркек арасындағы тарихи өзгеріп тұратын қарым – қатынастардың әлеуметтік нысаны. Осы нысан арқылы қоғам олардың жыныстық өмірін тәртіпке келтіреді және оған рұқсат береді, олардың ерлі – зайыптылық құқықтары мен міндеттерін белгілейді.

Отбасы дегеніміз – некеге қарағанда күрделірек қарым – қатынастар жүйесі, ол тек жұбайларды ғана емес, онымен қатар балаларды, туыстарды, жұбайларға жақын адамдарды да біріктіреді. Отбасы – бұл әлеуметтік институт пен шағын әлеуметтік топ белгілерін иеленетін әлеуметтік жүйе. Отбасы әлеуметтік институт ретінде жұбайлардың, ата – аналардың, балалар мен басқа туыстардың өзара қарым – қатынастарын реттейтін әлеуметтік нормалардың, санкциялардың және мінез – құлық үлгілерінің жиынтығымен сипатталады. Отбасы - некеге немесе қандас туыстыққа негізделген шағын топ, оның мүшелері тұрмысының ортақтығымен, өзара моральдық жауапкершілікпен және өзара көмекпен байланысады.

Отбасының әлеуметтік функциялары оның әлеуметтік институт ретіндегі қоғамдық қажеттіліктері мен өмір сүру сипатын, сондай – ақ отбасы тобының жеке қажеттерінің сипатын көрсетеді. Қоғамда болып жатқан әлеуметтік – экономикалық өзгерістердің әсерімен отбасының әлеуметтік функциялары иерархиясының сипаты өзгереді. Алайда барлық

уақытта да бала өсіру, тәрбиелеу отбасының маңызды функциясы болып қалады, басқа жекелеген функциялардың маңыздылығы өзгеріп отырады.

Адамдары отбасылық топтарға бірігуге итермелеген себеп адамның қажеттіктері екені белгілі. Қажеттіктер – бұл субъект пен оның қалыпты өмір сүруі мүмкін емес жағдайлар арасындағы объективті байланыс. Американ психологы А. Маслоудың үлгісіне сәйкес адам қажеттіктерінің құрылымы:

1. физиологиялық және сексуалдық қажеттікке;
2. өзінің өмір сүруінің қауіпсіздігіне деген экзистенциялық қажеттікке;
3. қарым – қатынас жасауға деген әлеуметтік қажеттікке;
4. мойындауға деген беделді қажеттікке;
5. өзін - өзі көрсетуге деген рухани қажеттікке бөлінеді.

Болгар социологы С. Михайлов қажеттіктің келесі түрлерін бөліп көрсетеді:

1. адамдардың материалдық қажеттігін қанағаттандыру және адамның өмір сүруін материалдық қамтамасыз ету үшін материалдық байлыққа деген қажеттік;

2. өндіріс қажеттерін, қоғамдық өмірді қанағаттандыру үшін рухани құндылықтарға деген қажеттік;

3. адам қызметін келістіру және қоғамдық тәртіпті қолдауға деген қажеттік;

4. қоғамдағы барлық өзгерістердің субъектісі ретінде адамның өзінің қайта жаңғыруына деген қажеттік;

5. ақпарат алу және беруге деген қажеттік.

Қажеттіктердің осы аталған құрылымдарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, отбасы функциясының табиғатын түсінуге тырысайық.

Қоғамның әлеуметтік ұяшығы бола отырып, отбасы оның бірқатар маңызды қажеттерін, сондай – ақ тұрғындардың үдемелі жаңғыру қажеттігін де қанағаттандырады. Сонымен қатар ол өзінің әрбір мүшесінің жеке қажеттіктерін, жалпы отбасылық (топтық) қажеттіктерді қанағаттандырады. Осыдан отбасының негізгі функциялары туындайды: репродуктивті, экономикалық, тәрбиелік, коммуникативтік, демалыс пен сауықты ұйымдастыру. Олардың арасында тығыз байланыс, өзара сіңісу, бірін – бірі өзара толықтыру бар. Отбасы функцияларының мәнін шетелдік зерттеушілерге жүгінейік. «Отбасы функциялары» ұғымы отбасы мен қоғамнаң, сондай – ақ отбасы мен жеке тұлғаның өзара әрекет жүйесін көрсетеді. Отбасы функциялары дегеніміз отбасы мен оның мүшелері өмірінің белсенділік көрсету әдісі.

Отбасы - адам өмірімен ере жүретін елеулі феномен.

Л. Бертоланфинің айтуынша « Отбасы адамдардың бас қосуы ғана емес, олар арасындағы қарым қатынас жүйесі. Отбасы жай күйін білу үшін

жеке мүшенің жай – күйін білу өте аз, бүкіл отбасының қатынас моделін жасау қажет.» Отбасы туралы басқа көзқарасты Захарова білдірді;

« Отбасы социологиясында- біріншілік топ термині бар. Бұл топтың адамдары бір –біріне эмоцияналдық жақындықта болады.»

Отбасы – шағын адамдар тобын, оларды біріктіретін - қан араластық, үлкендер балаларға тәрбие беруге жауапты және күнделікті тұрмыс бірлігі.

Туысқандық – индивидтердің бекітілген қарым-қатынастары не қандас –туыстық қатынас (әке, ана, ата, әже)

Неке – екі индивидтің арасындағы қарым –қатынасты әлеуметтік құқықтық тұрғыдан бекіту. Екі адам некеге тұрғаннан бастап, олар туыс деп саналады. [2]

2 Лекция. Отбасы қызметтері және құрамы.

Отбасы – бұл әлеуметтік институт пен шағын әлеуметтік топ белгілерін иеленетін әлеуметтік жүйе. Әйгілі әлеуметтанушы, әрі әлеуметтік психолог А.И.Антоновтың айтуынша, отбасыны ата-аналар – балалар деген қатынас құрады. Толыққанды отбасында мынадай өзара қатынас типтері болады: әйелі – күйеуі, күйеуі – балалары, әйелі – балалары, балалар – ата-аналар, балалар – балалар. Отбасы дегеніміз некеге қарағанда күрделірек қарым-қатынастар жүйесі, ол тек жұбайларды ғана емес, сонымен қатар балаларды, туыстарды, жұбайларға жақын адамдарды біріктіреді. Бұл пікірді А.Г.Харчев айтқан болатын.

Көптеген зерттеу нәтижелеріне қарай отырып, мынадай қорытынды шығаруға болады: отбасы – бұл күрделі, көпаспектілі құрылым, оның мынадай 4 сипаттамасын бөліп көрсетуге болады:

- 1) Отбасы – қоғамның ұяшығы.
- 2) Отбасы – жеке тұрмысты ұйымдастырудың маңызды формасы.
- 3) Отбасы – жұбайлар одағы.
- 4) Отбасы – жұбайлардың туыстармен көпжақты қатынасы: балалармен, ата-аналармен, аға-сіңілілермен, ата-әжелермен және т.б. Басқаша айтқанда, олар бірге тұрады, олардың ортақ шаруашылығы болады.

Л.Б.Шнейдердің айтуынша, отбасы – бұл эмоционалды-жақын және маңызды, мәнді адамдардың жүйелік-функционалды құрылымы.

Отбасы некеге немесе қандас туыстыққа негізделген шағын топ, оның мүшелері тұрмысының ортақтылығымен, өзара моральдық жауапкершілікпен және өзара көмекпен байланысады. Отбасы неке мен қандық туыстыққа негізделген адамдардың бірлестігі, оларды тұрмыстарының ортақтығы, эмоционалды байланыс, өзара жауапкершілік байланыстырады. Отбасының ең негізгі міндеті – ұрпақ жалғастыру болып табылады. Сонымен қатар, ұрпақты өсіру, лайықты тәрбие беру, қоғамның толыққанды мүшесі болатындай азаматтарды қалыптастыру – отбасының негізгі әрекеті болып келеді.

Отбасы тарих барысында адамдарға керек қажеттіліктерді өтеу үшін пайда болып, қоғамның өзгеруімен қатар, отбасы да өзінің формаларын, типтерін, құрылымын өзгертті. Отбасы бұл мемлекет ішіндегі шағын мемлекет деуге де болады. Осы шағын мемлекеттердің психологиялық, әлеуметтік, экономикалық, тәрбиелік және т.б. жағдайлары қандай болса, жалпы мемлекеттің де бейнесі сондай болады.

2. Отбасының түрлері және құрылымы

Отбасының түрлері және құрылымы туралы көптеген зерттеулер бар. Отбасы құрылымы – бұл отбасы құрамы және отбасы мүшелерінің саны, сонымен қатар, олардың өзара қатынас жиынтығы. Отбасы құрылымын талдауға байланысты көптеген ғалымдардың зерттеулері бар, оларды атап өтсек: Т.В.Андреева, А.И.Антонов, В.М.Медков, Э.Г.Эйдемиллер, В.В.Юстицкис, Е.А.Личко және т.б.

Отбасы құрылымын талдау нәтижесінде отбасындағы қызметті бөлуді түсінуге болады.

Туыстық құрылым бойынша отбасы былай бөлінеді: нуклеарлы отбасы және кеңейтілген отбасы.

Жұбайлар арасында билікті бөлу құрылымы бойынша келесі отбасыларды бөлуге болады: эгалитарлы – тең құқықтылыққа негізделген; авторитарлы – басты шешімді күйеуі немесе әйелі қабылдайды.

Балалар саны бойынша - көп балалы, аз балалы, баласы жоқ отбасы болып бөлінеді.

Үй міндеттерін бөлу сипаты бойынша – дәстүрлі отбасы және ұжымдық отбасы болып бөлінеді.

Бос уақытты өткізу сипаты бойынша ашық отбасы (араласуға және мәдениет индустриясына бағдарланған) және жабық отбасы (бос уақытты үй ішінде өткізуге бағдарланған) болып бөлінеді.

Е.А.Личко отбасының келесі классификациясын ұсынады:

1. Құрылымдық құрамы бойынша:
 - толық отбасы;
 - толық емес отбасы;
 - бұрмаланған немесе деформацияланған отбасы;
2. Функционалды ерекшеліктері бойынша:
 - гармоникалық отбасы;
 - дисгармоникалық отбасы.

Ал, А.И.Антонов пен В.М.Медков отбасыны былай бөледі:

- патриархалды отбасы;
- матриархалды отбасы;
- эгалитарлы отбасы.

А.И.Антонов пен В.М.Медков классификациясындағы негізгі критерий – бұл отбасындағы билік болып табылады.

Кейбір зерттеулер бойынша еуропалық отбасы әйелдің жұмыс бастылық деңгейінің жоғары болуымен, ажырасу деңгейінің жоғары және бала туу

деңгейінің төмендігімен сипатталады. Ортаазиялық отбасыға, керісінше, әйелдердің жұмыс бастылық деңгейінің төменірек болуы, бала туу деңгейінің жоғарлылығы және ажырасу санының төмен деңгейде болуы тән. Қазіргі таңда көптеген елдерде отбасының аралас түрлері кездеседі.

Отбасының негізгі сипаттамаларына оның қызметі мен құрылымы жатады. Қазіргі отбасын зерттеушілер отбасы қызметін зерттеуге аса зор назар аударады. Отбасы мүшелерінің белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандырумен тығыз байланысты отбасының өмір сүру салты “отбасы қызметі” деп аталады. Отбасы қанша қажеттіліктерді қанағаттандырса, сонша қызметі болады. Дәстүрлі түрде зерттеушілер келесі қызметтерді бөліп көрсетеді: репродуктивті, экономикалық, тәрбиелік, демалыс пен сауықты ұйымдастыру. Мұндай жіктеуді А.Г.Харчев, И.В.Гребенников, А.И.Кочетов та жақтайды. Отбасы қызметтеріне деген қазіргі көзқарасты В.С.Торохтийдің пікірінен көруге болады: “Жалпы орта азиялық отбасы үшін өмірлік маңызы бар қызметтердің белгілі бір санының болу сипаты жоқ болса, отбасының өмір сүру мәні де жоғалады”. Уақыт өткен сайын отбасы қызметтерінде өзгерістер пайда болады: кейбіреуі жоғалады, кейбіреуі жаңа әлеуметтік жағдайларға сәйкес өзгереді.

Адамдарды отбасылық топтарға бірігуге итермелеген себеп адамның қажеттіліктері екендігі белгілі. Қоғамның әлеуметтік ұяшығы бола отырып, отбасы оның бірқатар маңызды қажеттіліктерін де қанағаттандырады. Сонымен қатар ол өзінің әрбір мүшесінің жеке қажеттіліктерін, жалпы отбасылық қажеттіліктерді қанағаттандырады. Осыдан отбасының негізгі қызметтері туындайды: репродуктивті, экономикалық, тәрбиелік, коммуникативтік, демалыс пен сауықты ұйымдастыру. Олардың арасында тығыз байланыс, бірін-бірі өзара толықтыру бар. “Отбасы қызметтері” ұғымы отбасы мен қоғамның, сондай-ақ отбасы мен жеке тұлғаның өзара әрекет жүйесін көрсетеді. Отбасы қызметтері дегеніміз отбасы мен оның мүшелері өмірінің белсенділік көрсету әдісі болып табылады.

Отбасының репродуктивті қызметі. Бұл қызметтің екі міндеті болады: қоғамдық - халықтың биологиялық қайта жаңғыруы; жеке – балаларға деген қажеттіліктерді қанағаттандыру болып табылады. Оның негізінде – қарама-қарсы жынысты адамдарды отбасылық одаққа бірігуге итермелейтін физиологиялық және сексуалдық қажеттіліктерді қанағаттандыру жатыр. Э.Дюркгеймнің пікірінше, жыныстардың қарама-қарсылығы неке одағының негізі ғана емес, отбасындағы ізгілікті жақындықтың негізгі себебі. Ол отбасы – неке қарым-қатынастарының тұрақтылығына әсер ету күші жағынан қандас туыстық тәрізді фактордан да басымырақ болады.

Әлеуметтік-мәртебелік қызмет қоғамның әлеуметтік құрылымын қайта жаңғыртумен байланысты, себебі отбасы мүшелеріне белгілі бір әлеуметтік мәртебе береді.

3 Лекция. Отбасы дамуының өмірлік циклдері.

Неке және отбасы қарым-қатынасы – бұл тарихи даму процесі. Ерлі зайыптылар қатынасының психологиялық жағы адам түсінуді, бағалауды, эмоциональді бастан кешіруді қоршаған ортаның құбылысы ретінде ұғынудан, сонымен қатар, өзінің жеке қажеттіліктерінің салдарынан туындайды. Некенің психологиялық қарым-қатынасының объектісі: формамен, ал субъектісі-мәнімен сипатталады. Сонымен, отбасы сферасы диалектикалық объект және субъект қатынас негізінде болады. Некенің формасы әртүрлі, көрінісі-өзгермелі.

Сейгер: неке жүріс-тұрысында мынадай жіктеулерді ажыратады.

1. тең құқұлы жұп. Құқұқтары мен міндеттері тең болуын күтетін жұп.
2. романтикалық жұп. Рухани келісімді күтеді, жылулық.
3. ата-аналық жұп. Досы сияқты қамқор болады және тәрбиелейді.
4. балалық жұп. Жұптық спонданттылық, тікелей және қуаныш, бірақта бір мезетте билікті әлсіз жүргізеді.
5. рационалды жұп. Эмоциялық тууын бақылап отырады. Міндетпен құқұқты тура ұстанады, бағалауда жауапты және сергек.
6. жолдастық жұп. Романтикалық махаббатты аңсаайды, отбасылық өмірде қажеттілікті сезінеді.
7. тәуелсіз жұп. өзінің жұбына белгілі қатынасты ұстанады.

Неке профилін жіктеуде келесі классификацияларды қарастырсақ.

1. Симметрикалық: ерлі –зайыптылар тең құқұқты бағаламайды. Келісім арқылы ауыстыру, компромистік бағытта проблемаларын шешеді.

2. Комплиментарлық: Бір-біріне бұйрық беріп, бағынып, кеңесіп күтіп отырады.

3. Метакомплиментарлық: Жұптың біреуі жағдайды ашады, тәжірибесізден бетіне басып, манипуляцияланып, әлсіздігін айта береді.

Уайл: жұп арасындағы конфликт негізін реакцияның бағалау критерийін қолданып үшке бөлген.

1. өзара иілу. Жұп талқылауда белсенді түрде жүргізіледі, бірақ бір-бірінің өкпе-реніштерін, тоғандыратындарын айтпайды.

2. өзара ренжісу. Жұптар ашық түрде өзінің тітіркенулері мен толғаныстарын, пайда болған қажеттіліктерін тіркеп отырады.

3. Мәжбүрлеу және иілу. Жұптың біреуі басқамен жақын болуға тырысып, белсенді түрде кеңістікті қамтамасыз етеді. Жұптың екіншісікерісінше болып, жақындасуға қарсы болады.

Жұп аралық қатынас және детерминанты түсініктерін түсіну некелік жұптың өзара тәуелділік ассиметрикалық немесе симметрикалық бағалау болу мүмкін. Әрбір жұптың тәуелділігі ретпен анықталады. Бұндай бір тәуелділіктің феномені ретінде-серігінің тартымдылығы, бқл әдемілік, нәзіктік, әйелдік жүріс-тұрыс, ал ерлерде- ақыл, қарым-қатынасқа оңай түсу, еркектік қасиет.

Егер тәуелділік адекватты болса, онда некелік жұп сәтті. Егер жұп біреуі шектен тыс тәуелді бақылауда болса, онда некеде шектен тыс тәуелділік. Егер екі жақтан тәуелділік болса, бұл кедей категория болып табылады.

Ерлі-зайыптылардың отбасына бейімделу.

«Бейімделу» термині кең мағынаға ие, яғни ол орта жағдайына бейімделу. Бейімделу отбасына өмірімен таныстық процесі, оған бертіндеп ену процесі. Бұл кезең айрықша әне қиын. Себебі тек қарым – қатынаспен іс -әрекет қайта құру емес, сонымен қатар ерлі-зайыптылардың тұлғалық өзгеруі, қажеттілік мотивация сферасын қайта жасау, сана –сезімінің жаңа деңгейдің қалыптасуы, әлеуметтік ортада жаңа байланыстар.

Бейімделу процесі екі деңгейде болады. Биологиялық және психологиялық болып бөлінеді.

Биологиялық процесіне – ортаға физикалық жағдайдың өзгеруі және организм тұрақтылығына бейімделу.

Психологиялық – адамның қоғамға өз қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеріп, сол қоғамға сай тұлға ретінде бейімделу. Психологиялық бейімделу – қоғам, яғни әлеуметтің нормалары мен құндылықтарын меңгеру. Ол адамның қоршаған ортамен белсенді әрекеті негізінде өзара пайда болады.

Отбасы өміріне бейімделу отбасылық өмірдің таныстық процесі негізінде басталады. Бұл период өте қиын, ол тек қарым- қатынаста және әрекетте қайта құрылады. Бірақ жас жұп серігінің тұлғасы өзгереді. Мотивациялық қажеттілі ксферасы қайта құрылады, өзін - өзі саналау құрылады.

Т.Б.Карцева: Неке адам өміріндегі бұрыс оқиғаларының өзгеруі (мысалы: рольге кіруі, рольдің өзгеруі) өзіндік «мен» жүйесін бастан өткізеді. Некеден кейн «мен» !бізге» ауысады.

Е.С.Колмокова: Ерлі-зайыптылар өмірінің алғашқы жылдарында мәселелерді қарастыра отырып, бірлескен өмірінің алғашқы бірінші-екінші жылдарында қарым-қатынастың индивидуальды стереотиптердің қалыптасу кезеңі, құндылықтар жүйелерін сйкестендіру.Бұл кезеңде келесі міндеттер шешіледі.

1. отбасылық құрылымын қалыптастыру.

2. ер мен әйелдің арасындағы рольді бөлісу.

3. ортақ отбасылық құндылықтарды көрсету.

Е.И. Трапезникова және А.И Волкова бойынша: жас отбасы үшін алғашқы баланың дүниеге келуіне дейін қиыншылықтар туындайды, отбасылық ретке келуіне дейінгі заңдылықтарды қанша терең таныса да, тіткену болады. Қызметтерді бөлісу тындайды, конфликтілік, туысқандық өзара қатынастарда туындайтын проблемалар, материалды және экономикалық проблемаер тууы заңдылық.

Ключкова: Некеден кейінгі және некеге дейінгі шынайы күтімдердің қанағаттанауынан конфликт туындайды. Некеге түсетін жастар үшін отбасылық өмірдегі идиализация тән. Ол рухани өсім мен өзін -өзі жетілдіруге қанағаттанбауы болуы мүмкін.

Л.Я. Гозмон және Ю.Е.Алюшина: Отбасын шағын топтардан айқын айырмашылық арқылы да ажыратады, Отбасында максимальды бақылау жүзеге асып отырады.

- құрамының гетерогендігі

- топтың жабық болуы

- топтың көп функциональді болуы

- отбасы тарихының ұзақтығы

- катальділік яғни, кез-келген қатынаста отбасылық өмірге тарту.

Т.А.Гурько және В.В.Менькутин айтуынша: жас жұбайлар некеге түскеде бірнеше идеялар сипатталады. Бұл отбасы өмірінде өз қажеттіліктерді рухани өсімде және өзін дамыту күтіледі. Осы күтімдерден соңғы орынға материалдық қажеттілік орын алады.

В.А.Сысенко: Отбасы жеке адаптациялық концепциясын қарастырады. Ол адамның бейімделуінің төрт тобын ажыратады.

1. жоғарғы бейімделген тұлға

2. орташа бейімделген тұлға

3. төменгі бейімделген тұлға

4. дезадапацияланған

В.А.Сысенко тұлға, неке отбасы қатынастардың бейімделу құрылымына мыналарды ажыратады.

1. физикалық, сексуальды

2. темперамент және мінез жұжұптардың бейімделуі

3. отбасы рольге жаңа міндетке, күкүқта жеке одағына бөлісу бейімділігі

4. неке жұп қажеттілігі – қызығушылықтарына, әдеттеріне және өмірлік образдарына, стильіне бейімделу

5. өмірдегі негізгі құндылықтарына: бейімділікке партнердың өміллік мақсаты мен мәніне бейімделу

Сонымен отбасылық, некелік бейімделу өте күрделі жұптың көпденгейді тұтас процесі. Жұптың өзара бір-бірімен өзара бейімделу. Бұл процес келесі компоненттерді бөледі.

1. некелік жұптың бейімділігі

2. отбасы жұптық бейімділігі

Ол дегеніміз- тұрмыстық және психологиялық рольге бейімделу. Жаңа міндетер мен құқықтарға бейімделу.

4 Лекция. Отбасы дамуының нормативті дағдарыстары

Отбасы түрлері әртүрлі болады. Олар: сәтті, сәтсіз, толық, толық емес.

Ұрыс-отбасы өмірлік жағдайлардың бір бөлімі. Ұрыс - өзін-өзі бағалау, конфликтілі, ұрыс мүшелері өзінің көзқарасы қолдауды орындатуға тырысады.

Көптеген отбасында ұрыс болады. Ол күдіктену негізінде болады. Күдіктенудің жоғары деңгейі пайда болған формасы – некелік жұптың психологиялық эксплуатация болып табылады. Психологиялық эксплуатация өзінің жүріс-тұрысының негативті қырлары, эмоцияның жағымсыз және жаман әдеттері, ол туралы көп білгісі келетін себептерден туындайды.

Жұп ұрысы үш жағдайда аяқталады.

1. ұрыс мүшелерінің біреуін кінәлә ету

2. кінәні өзінен табуы

3. екеуі де кінәлі болғанын мойындағанда.

Г. Навайтистің айтуынша, жас отбасыларда мынандай факторлардың жиынтығы кризиске әкеліп соқтырады: тұрмыстық қиыншылықтар, жақын туысқандармен қарым – қатынастың бұзылуы, интимді қарым – қатынастың дұрыс болмауы және тағы басқалардың жиынтығы жұбайлардың стресске тұрақсыз болуына әкеледі. Сондықтан осындай қиыншылықтарды шешкенде конфликттерді реттеу басты болып табылады. Сондықтан осындай қиыншылықтарды шешудің орнына, конфликттерді алдын алу маңыздырақ. Сол үшін отбасының ортақ демалысын ұйымдастырып, психикалық қысымға төтеп беру қажет.

В. А. Сысенко бақытсыз отбасыларды 3 типке бөледі: конфликтті, кризисті, қиын отбасы

Жиі кездесетін отбасылық қиыншылықтар

1. Өмірлік жарды дұрыс таңдамау. Көп жағдайларда адамдар ата – анасына ұқсайтын жар іздейді.

2. Ата – анамен аяқталмаған қарым – қатынас. Жұбайылар бір –бірімен мәселені шешудің орнына, ата – анасынан көмек сұрайды.

3. Иллюзиялардың немесе қиялдардың сарқылуы. Ерлі – зайыптылар тек махаббат үшін неке құрдық деп ойлағанымен, бақытсыздық сезімінің басым болуы.

4. Некелік борыш. Уақыт өте жұбайылар жұбайылар бір – біріне сұрақ қояды « Біз неге біргеміз?», махаббат үшін бе, әлде парыз үшін бе?

5. Көзге шөп салу немесе ажырасу қаупі. Адамдардың психологтар мен психоаналитиктерден көмек сұрауы осы жағдайлармен жиі байланысты.

6. Азаматтық неке – жауапкершіліктен бас тарту ретінде (зандық, ақшалай т.б). «сүт ішу үшін, сиыр сатып алу қажеті жоқ» деген неміс мақалы дәл осыған келіп тұр. Джей Хейлидің айтуынша: «Қайын жұрт, қайын ата, қайын ененің бар болуы бізді жануарлардан ажыратады. Яғни құндылықтарды сақтау, әдет – ғұрыпты қадыр тұту» [1]

3 МОДУЛЬ. ОТБАСЫ ДАМУЫНЫҢ ӨМІРЛІК ЦИКЛДАРЫ (10с.)

5 Лекция. Жар таңдау әлеуметтік-психологиялық мәселе ретінде

Әдептілік, имандылық, иейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, қонақжайлылық құндылықтары қалыптасқан халқымыз осы асыл да абыройлы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл- парасатына азық ете білу үшін, әрбір тәрбиеші, ұстаз халық педагогикасын, сан ғасырларда қалыптасқан салт- дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең білумен қатар, өзінің бойына адамдық құндылықтарды терең сіңірген, рухани жаны таза адам болуы шарт. Ол рухани адамгершілік тағылымдарды өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде негізге алғаны жөн. Сонда ғана өзінің міндетін айқын сезіне білетін, мінез құлқы жетілген саналы адам қалыптасады.

«Болашақ жар» ролі деген не ?, болашақ жар деген кім ? .Екі адам арасындағы жақын қарым-қатынастағы адамдар арасындағы рөл десек болады. Бұл жағдайда оны анықтайтын факторларға келсек,

- Жыныстық ерекшеліктер;?
- Қандық туыстықтың болмауы;?
- Гетеросексуалды жұптардың байланысы –неке;?
- Уақыт критерийі;?
- Өмір барысындағы байланыстың тұрақтылығы;?
- Ортақ тұрмыс, ортақ қаражат ? па ?

Мына жоғарыда көрсетілген болашақ жар рөлін анықтайтын критерилер, жүйеленбеген, олар көбіне қоғамдық норманы бейнелейді. Жалпы жар таңдауда адамаға мынау сен үшін дұрыс деп нандыру өте қиын, және де бұл таңдауын тек қана жеке өмірі нақтылайды,

Біз әдетте болашақ жарымыз, күйеуімізді (әйелімізді) –адал, тұрақты, сенімді , әдемі деген сияқты жақсы қасиеттермен ұштастырамыз .Тұлғаарлық байланыстың тартымдылығы және спецификасы көптеген

қиын анықталынатын элементтерге негізделінеді. Олар мүмкін ортақ жауапкершілік, сенімділік, қолдау, шыдам және шыдамдылық, біріне деген ашықтық, ортақ пайда үшін әрекет, жұптық байланыс, теңдік, индивидуалдылықты құрметтеу, мәселелерді тиімді шеудегі және мақсаттардың бірімен-бірі ұштасуы болып табылады.

Егер біз өзіміздің қандай бағытта жүріп бара жатқанымызды, өзімізден не жарымыздан не күтетінімізді білсек неліктен соншалықты мәселелер туындайды? Олар көбіне мыналарға байланысты :

- жарыңа деген ыңғай;
- жарыңа деген түсініксіз не қарсы қатынас;
- байланыстың үзілмеу жағдайлары;
- байланыс негізіндегі мақсаттардың жетістігі;
- осы рөлмен қоса басқа да әлеуметтік рөлдерді сомдаудағы қиыншылықтар;

Біз өзімізді қай кезде нақты саналағаннан кейін, өмірлік талабымызды, ойындарды, шектеулерді түсінген соң бостандық және жауапкершілік шынайы болады. Міне сондықтан да біз бұл тығыз байланыстың мәніні толығымен түсіне алмаймыз.

Біз енді некеге тұрамыз. Байланыс орнатамыз. Неке – тұлғааралық байланыстың өте бір ауыры. Ол мүмкін Ұлы бір махаббат сезімімен басталып, заңгерлік тұрғыда ажырасумен аяқталу сияқты қарсы, негативті эмоциялармен де толы болады. Некенің эмоционалды қайғырулармен немесе немқұрайлыққа да толы болатын жағдайлар бар.

6 Лекция. Неке-отбасы қатынасының пайда болуы (қалыптасуы) және даму ерекшеліктері.

Ең алғаш «отбасы» және «неке» туралы ойларды ежелгі Грек ойшындары айтып кеткен. Солардың бірі ұлы ғұлама ойшыл Аристотель «отбасы – адамдар қарым-қатынасының алғашқы түрі және ол мемлекеттің алғашқы ұяшығы», - деді. Сол кездердің өзінде отбасы негізгі мәселелердің бірі болғанын байқаймыз. Бертен келе отбасы туралы ойлар айтылып қана қоймай, енді отбасы өздігінше зерттеліп, дамып отырды. Қазіргі кезде отбасыны зеттеу негізгі мәселелердің бірі болып отыр. Отбасыны зерттеу отбасыда пайда болған көптеген өзекті мәселелердің нәтижесінде жүргізіледі.

Жалпы алғанда, отбасын зерттеу бірнеше бағытта жүргізілді:

- Отбасы мен некенің туындауын және қоғамда дамуын зерттеу. Ол зерттеулерге: Л.Шнейдердің, Дж.Мак-Леннанның, Л.Морганның, Ю.Семеновтың, Г.Бахофеннің және тағы басқа ғалымдардың еңбектерін жатқызуға болады.

- Отбасы мен некенің типтері мен түрлерінің дамуын зерттеу. Мұнда А.Антонов, В.Медков, С.Ковалев және т.б жатқызамыз.

- Отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынас психологиясының мәселелері. Бұл зерттеу бағытына Т.Трапезников, В.Торохтий, В.Сатир, Л.Панкова және т.б. жатады.

- Отбасының тәрбиелік мүмкіндіктерін анықтау, отбасылық тәрбиенің әдіс-тәсілдерін жасау. Бұл бағытта зерттеулер жүргізіп өз үлесін қосқан ғалымдар- Ю.Азаров, Н.Крупская, А.Макаренко, Ю.Алешина, З.Рубин және т.б.

Жалпы отбасын зерттеу ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырда қарқынды зерттелді. Отбасын зерттеуші шетелдік ғалымдардың еңбектері маңызды орын алды. Солардың бірі отбасына тарихи көзқарастың басын швейцар ғалымы И.Бахофеннің 1861 жылы шыққан «Ана құқығы» деген еңбегін айтуға болады. Бұл еңбегінде ол қоғамның дамуының бастапқы сатыларына жыныстық қатынастардың ретсіздігі немесе жыныстың еркіндіктің кең тарауы тән деген болжам айтты. Бұдан кейін қоғамның дамуында басты рөлді әйел (матриархат) алса, кейінірек ол рөлді еркек (патриархат) иемденді.

Осы кездері әсіресе, Англияда шотланд ғалымы Дж.Мак-Леннонның еңбектері жақсы бағаланды. Ол өз зерттеуінде некенің үш түрін анықтады:

- көп әйел алу (полигиния)
- көп күйеу болу (полиандрия)
- моногамия.

Отбасына деген нақты ғылыми пікірді Ф.Энгельс негіздеп берді. Ол бірінші болып мәдениеттің алғы тарихын ғылыми тұрғыдан сипаттады. Энгельс өзінің «Отбасының, жеке меншіктің мемлекеттің туындауы» атты еңбегінде отбасына оның тарихи даму барысында талдау жасады. Алғашқыда неке топтары ұрпақтарға бөлінгенде, яғни ата-аналары мен балалары арасында жыныстық қатынасқа жол берілмегенде, бұл қандас туыс отбасы болады. Онан кейін оны пуналуалды отбасы алмастырды, ол апа мен бауырлар арасындағы жыныстық қатынасқа жол бермеді. Ал кейініректе жұптан тұратын отбасы пайда болды, онда еркек пен әйелден бір-біріне қатысты жұбайлық адалдықты талап етті, ал көзге шөп салу қатаң жазаланды. Өркениеттің табалдырығын аттарда туындаған отбасының соңғы түрі моногамия болып табылады.

Көп зерттеулер некеге түсу мотиві, отбасы функциясы, отбасы конфликтер мен ажырасу себептері отбасы терапия әдісінде көрінді. Жалпы отбасы қарым-қатынасын және отбасындағы балаларды тәрбиелеу процесін зерттеу ХХ ғасырда қолдау тапты. Бұл жағдайда отбасының сандық, сапалық эволюциясы этнографиялық мәліметтерді зерттеудің негізіне сүйене отырып жасалды.

Сондай-ақ, отбасына қатысты психологиялық зерттеулерден басқа әлеуметтік тұрғыдан зерттелген зерттеулер мен көптеген еңбектер жазылып, шығарыла бастады. Әлеумтанушы Р.Рапопорт 1963 жылы алғаш рет отбасы айналымы некеге өтудің, бірінші рет ата-ана болудың, бала

бөлудің, қартайған ата-ананы шеттетудің, олардың бөлектенуі мен отбасы бұзылуының дағдарыс оқиғасы жүйелілігі арқылы күшейтіліп, «қарапайым-сынаулық ауысу» ұғымын енгізді. Отбасы үрейі теориясы қазіргі уақытта қарқынды түрде әзірленуде, онда отбасы динамикасының ішкі импульстерімен отбасына ортаның сырттан әсер етуін қосу қажетілігі жазылған.

Қазіргі заманда, яғни ХХІ ғасырда арнайы мамандардың көпшілігі отбасы және неке мәселелеріне ерекше назар аударуда. Көбіне олар қазіргі кезде пайда болып, етек алып жатқан мәселелер , яғни ажырасу, дүниеге сәби алып келудің азаюы, ер мен әйел адамының жалғыз басты болып қалуы, некеде тұлғааралық қатынастың қанағатсыздығы, бала тәрбиелеу мәселелері және т.б. себептерге байланысты мәселелерді зерттеп, олардың себептерін анықтауда. Осы айтылған мәселелер көбінесе қоғамда болып жатқан экономикалық, әлеуметтік, саяси, демографиялық процестердің отбасына әсерінен, тұлға және құндылық бағдарынан, отбасы мүшелерінің өзара әрекетінен туындап отырады.

Ал енді өз еліміздің және Ресей мемлекетінің ғылымындағы отбасы және неке психологиясының зерттеуіне келсек, Кеңес ғылымында отбасы және неке психологиясы арнайы психологиялық зерттеудің пәні болып ХХ ғасырда, яғни 1960 жылы болды. Дәл қазіргі кезде Ресейде отбасы және неке психологиясы өз жетістіктерін көрсетуде: ғылыми зерттеулер институттары, лаборатория , кафедралар ашылуда, көптеген ғылыми зерттеулер жүргізілуде, және жоғарғы оқу орындарында отбасы психологиясы арнайы сабақ ретінде қолданылуда, сондай-ақ, отбасы және неке психологиясына қатысты көптеген оқулықтар мен еңбектер жазылып, шығарылуда. 1980 жылыдан бастап жоғары оқу орындарында және мектепте «Отбасы және отбасылық қатынас психологиясы» сабақ ретінде жүргізіле бастады.

Ал Қазақстанда отбасы және неке психологиясы жоғары оқу орындарында арнайы курс ретінде 1990 жылы беріле бастады. Басында отбасы және неке психологиясы арнайы курс ретінде психология мамандығындағы студенттерге алғаш болып Е.А.Букетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетте 1992жылы, кейінірек 1999 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетте оқылды.

Отбасы психологиясына «Отбасы өмірінің этикасы мен психологиясы» деген курстың мектепте оқулық ретінде және жоғарғы сынып оқушыларын отбасы өміріне дайындау мәселесімен айналысып, өз үлесін қосқан қазақ ғалымы психолог-педагог Қ.Жарықбаев болды.

Қазіргі таңда Қазақстан психология ғылымында қазіргі отбасында пайда болып жатқан актуалды мәселелерді шешуге бағытталған көптеген эксперименталды зерттеулер жүргізілуде.

Отбасыны зерттеудеге байланысты З.Қарақұлова, З.Балғымбаева, М.Кабакова, А.Дәулетова, С.Құдайбергенова және З.Жаназарованың және

т.б. еңбектерін айтып откен жөн және олар отбасыны әр түрлі аспектісі бойынша зерттеді.

Отбасы- тұрақты жүйе, оның тұрақтылығы мен беріктігі әр кезде өзгеріп отырады. Яғни ,оның өзгеріп отыруына әсер ететін психологиялық фактор, қоғамдық пікір және құқық болып табылады. Неке құрғаннан кейін, сол отбасында өзіндік қиыншылықтары мен ауырлығы болып тұрады. Оған көптеген ішкі және сыртқы факторлар әсер етеді. Ол барлық отбасыға тән құбылыс. Отбасы өз өмірінің айналымы бойына түрлі қиындықтарға, жайсыз жағдайларға, көптеген проблемаларға ұшырасады. Мұндай құбылыстар тізімінің отбасы үшін өзіндік ерекшеліктері болады. В.С.Тортхтий «психологиялық қиындықтар» ұғымына мынадай анықтама береді: «бұл жеке тұлға психикасының нақты қызметке немесе қарым-қатынасқатән сыртқы және ішкі факторлардың әсеріне қарсы тұратын субъективті жай-күйі (реакциясы). Психологиялық қиындықтар жеке индивидке, адамға және тұлғаға тән.

7 Лекция. Ерлі-зайыптылар қатынасының психологиясы.

Ерлі зайыптылар қатынасының психологиялық жағы адам түсінуді, бағалауды, эмоциональді бастан кешіруді қоршаған ортаның құбылысы ретінде ұғынудан, сонымен қатар, өзінің жеке қажеттіліктерінің салдарынан туындайды. Некенің психологиялық қарым-қатынасының объектісі: формамен, ал субъектісі-мәнімен сипатталады. Сонымен, отбасы сферасы диалектикалық объект және субъект қатынас негізінде болады. Некенің формасы әртүрлі, көрінісі-өзгермелі.

Ерлі -зайыптылар арасындағы қатынастың құрлуы мен дамуы.

Өмір мәні жеңіл, әдемі әрі ғажап:адам туылады,ер жетеді,үйленеді,өмірге бала әкеледі,нан үшін еңбек етеді және өмірмен қоштасады.

Қарым-қатынас тарихы көптеген оқиғаға, жағдайға, мақсатқа байланысты туындайды.Адам жаны әрдайым”қоблжуда”.Дәл осындай қобалжулар эмоционалды қатынас динамикасы жайлы айтуға түрткі болады.Бізді қобалжытатындар, көбінесе-адамдар.

Жалпы өмірде ең маңызды адамдар :ата-ана, содан кейін- ерлі-зайыптылар, бала, достар мен құрбы-құрдастар. Өмір жолы кезінде көптеген заттар өзгеріп , тіпті жоғалып кетуі мүмкін.Мысалға, балалық шақтарды өткізген жерінің жоюлуы, жұмыс істеген жұмыс орынын көшіп кетуі немесе бұрын тұрған көшелердің атының өзгеруі, өмірде көптеген заттар өгереді.Бірақ ана жылуы, ана махаббаты,өмір сыйлағанынан бастап ,өмір соңына дейін бірге болады.

А.А. Кроник ойы бойынша ,адам қаншалықты адамға жақын болған сайын ,соншалықты сонымен бірге ұзақ өмір сүру мүмкіндігі бар деген.

Маңызды адамдар-бұл бұрынан бері келе жатқан адамдар .

Махаббат сезімі көбінесе әйел адамдарға таныс болады,уақыт келе махаббаттары жақындасып,ұлғая түседі.Негізгі бастамасы- әдепті қыз, мейрімді ана, түсінетін апа.

Әрине жандық ұнату ер адамдарға да таныс сезім.Оларда жақсы ұл, адал дос, жақсы көруші күйеу, қайрымды ата сезімі аз кездеседі,бірақ осындай адамдар бар.

Ата-аналар, балалар, ерлі-зайыптылар бір отбасы мүшесі.Осындай адамдар көп жылдық өмір береді.

Эмоционалды маңызды қатынастың дамуы баяу жүзеге асады.Бірінші көрегеннен кейін, бірінші жағымды ойдан кейін, бірінші ұнату сезімінен кейін тануға әкеп соғады.Осындай қатынас түріне анықтама бере алмайды, бірақ олар бір-біріне керек екендіктерін түсінеді.Осындай қатынасты ұнату типіне жатқызуға болады.

Ерлі-зайыптылардың. қоғамға өз қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеріп, сол қоғамға сай тұлға ретінде бейімделу. Психологиялық бейімделу – қоғам, яғни әлеуметтің нормалары мен құндылықтарын меңгеру. Ол адамның қоршаған ортамен белсенді әрекеті негізінде өзара пайда болады.

Отбасы өміріне бейімделу отбасылық өмірдің таныстық процесі негізінде басталады. Бұл период өте қиын, ол тек қарым- қатынаста және әрекетте қайта құрылады. Бірақ жас жұп серігінің тұлғасы өзгереді. Мотивациялық қажеттілі ксферасы қайта құрылады, өзін - өзі саналау құрылады.

Ерлі-зайыптылар өмірінің алғашқы жылдарында мәселелерді қарастыра отырып, бірлескен өмірінің алғашқы бірінші-екінші жылдарында қарым-қатынастың индивидуальды стереотиптердің қалыптасу кезеңі, құндылықтар жүйелерін сійкестендіру.Бұл кезеңде келесі міндеттер шешіледі.

1. отбасылық құрылымын қалыптастыру.
2. ер мен әйелдің арасындағы рольді бөлісу.
3. ортақ отбасылық құндылықтарды көрсету.

Отбасы жеке адаптациялық концепциясын қарастырады.Ол адамның бейімделуінің төрт тобын ажыратады.

1. жоғарғы бейімделген тұлға
2. орташа бейімделген тұлға
3. төменгі бейімделеген тұлға
- 4.дезадапацияланған

Сонымен отбасылық, некелік бейімделу өте күрделі жұптың көпденгейді тұтас процесі. Жұптың өзара бір-бірімен өзара бейімделу. Бұл процес келесі компоненттерді бөледі.

3. некелік жұптың бейімділігі

4. отбасы жұптық бейімділігі

Ол дегеніміз- тұрмыстық және психологиялық рольге бейімделу. Жаңа міндетер мен құқықтарға бейімделу.

8 Лекция. Неке -отбасы өзараәрекеттестік процесіндегі шиеленістер.

Отбасын зерттейтін ғалымдардың айтуынша, жұбайылар арасындағы сйкестік тез орнатылмайды.

Конфликт – бұл әлеуметтік жүйенің кеңінен таралған қыры, ол табиғи құбылыс ретінде қарастырылуы қажет.

Конфликт – адамдық қарым – қатынастың қалыпты формасы болып табылады. Ол бұзылысқа әкелмеуі де мүмкін, керісінше бүтіндікті сақтап қалады.

Конфликт - өзгерістер үшін стимул. Ол қарам – қатынасты бұзуы да мүмкін , немесе қарым – қатынастың жаңа деңгейіне де әкеледі. Бірақ жақсы отбасында конфликттердің жиілігі аз болу керек екені сөзсіз.

Конфликттің түрлері

Әлеуметтік психологияда конфликтті құраушы элементтері ретінде конфликтті құрайтын объективті жағдай болып табылады. Американдық психолог М. Дойч конфликтінің келесі түрлерін бөліп шығарды

1. Шынайы конфликт – адекватты түрде қабылданатын және объективті түрде бар

2. Кездейсоқ немесе шартты конфликт – бұл конфликт оңой шешілуі керек, бірақ жұбайылар мұны саналамай тұр

3. Ығыстырылған конфликт – шынайы конфликтті ығыстырып оның орнына басақа мәселені шешумен айналысады.

4. Латентті немесе жасырын конфликт – жұбайылар арасындағы әлі саналанбай жүрген конфликт.

5. Шынайы емес конфликт – объективті себептері жоқ конфликт

Конфликттің шынайы себептерін табу өте қиын . Біріншіден, кез – келген конфликтте эмоция рационалды бастауды жауып тастайды. Екіншіден конфликттің себептері бейсанада сақталған, ол сыртқа тек Мен – концепцияға жағымды мотивировка түрінде ғана көрінеді. 3-ден отбасы қарым – қатынасының айналмалы себептілік заңы бар. Оны былай түсіндіруге болады.

Қарым – қатынастың 3 аспектісі бар

1. когнитивті (біз оны қалай көреміз және түсінеміз)

2. аффективті(біз не сеземіз)
3. жүріс – тұрыстық(біз қандай әрекет жасаймыз)

Көп деңгейлік айнымалы себептілік заңы бойынша конфликтке түрткі болатын механизм ретінде бұл жабық жүйенің бір компоненті болуы мүмкін: «білім→ эмоция→ жүріс -тұрыс». Бұл компоненттер бір біріне өтіп отырады, сондықтан конфликттің себебін табу өте қиын. Мысалы, алғашында қарым – қатынасы жақсы болған жас жұбайылар өзгерістермен кездеседі, мәселен, бірінші баланың дүниеге келуі. Шаршау, дұрыс ұйықтамау салдарынан жұбайылар арасында қысым пайда болады. Бұл жерде қиыншылық және конфликт қарым – қатынастың басқа деңгейлеріне таралады.

Отбасы конфликттерінің себептері

В.А Сысенко барлық отбасыларда болатын конфликттерді 3 үлкен категорияға бөлген болатын.

1. Еңбектің дұрыс бөлінбеу салдарынан болады құқық және міндет түсінігінің әр түрлі болуы
2. белгілі бір қажеттіліктің қанағаттандырылмауынан болады
3. тәрбиенің жетіспеу салдарынан болады

Жұбайылар өз отбасын әр түрлі қылып елестетеді. Олардың көзқарастары әр түрлі болған сайын отбасындағы конфликттер көбейеді, сонымен қатар қажеттіліктер де әр түрлі болып келеді. Мысалы; жұбайылар бір – бірінің қажеттілігін түсінбейді және қанағаттандырмайды. Бұл конфликт алдымен жасырын түрде болады, кейін ашық жүріс – тұрыстық конфликтке айналады.

Ерлер мен әйелдердің отбасы – некелік қажеттіліктері әр – түрлі жәнеде жастық айырмашылықтары да бар. Егер 20-30 жас аралығындағы әйел үшін эмоционалды, рухани және сексуалды қатынас басты рөлде болса, 30-40 жас арасында күйеуінің отбасына отбасы өміріне активті түрде қатысуын қалайды. 50- кейін финанстық және рухани қолдауы бірінші орында болады.

Америкалық отбасылық консультанттар отбасындағы қиыншылықтарды былай орналастырды.

1. коммуникациялық қиыншылықтар
2. балаларды тәрбиелеумен байланысты қиыншылықтар
3. сексуалды қиыншылықтар
4. қаржылық қиыншылықтар
5. ата – аналармен қарым – қатынас
6. отбасында адалдықтың жоқтығы
7. физикалық жарақаттар
8. тұрмыстық қиыншылықтар
9. басқа қиыншылықтар

Көріп тұрғанымыздай отбасындағы коммуникативті қарым – қатынас бас рөлде болады. Отбасы мүшелеріне қарапайым қарым – қатынас мәдениетін қалыптастыру қажет.

Отбасылық конфликттерді шешуші тактикалары

1. жұбайылар бір бірін қолдап отыруы қажет
2. бір- біріне деген құрметті үнемі көрсетіп отыруы қажет
3. отбасы мүшелерінің біреуі қателік жасаса, көңіл аудармауы тиіс
4. өткен қателіктерді кешіріп, еске салмау қажет
5. психикалық қысымды дер кезінде таоқтату
6. конфликтті жағдайды туғызбау
7. жұбайылардың адалдығына сену
8. отбасында үнемі шыдамдылық, кең пейілділік қажет
9. отбасы мүшесінің тек жақсы жақтарына назар айдару

Отбасы кеңес беруінде «клиент» ретінде жеке тұлға емес, бүкіл отбасы болып табылады. Әрине бұл консультативтік процесті қиындатады. Қазіргі қоғамда көптеген отбасылардың проблемасы қарым – қатынас қиыншылықтары. Бұл қиыншылықтардың нәтижесі - ажырасудың көбейе түсуі, көптеген отбасыларда жалғыз ата – ананың болуы. Қиыншылықтарды шешуде отбасылық кеңес беру көмектеседі. Практикалық психологтардың жұмысы жаңа пайда болған отбасына отбасына көмек беру, кризисті бастан кешіріп отырған отбасына көмек беру немесе бала тәрбиелеу сұрақтарына жауап беру.

Отбасының бастан кешіретін қиыншылықтарын былай сипаттауға болады:

1. кенеттен пайда болатын – бір мүшенің мерт болуы, көзге шөп салу, әлеуметтік статусың өзгеруі
2. хроникалық - ұзаққа созылған конфликттер, қолайсыз тұрмыстық жағдай
3. өмірдегі кризистік периодтар – 3-7 жас арасында және 17-25 жас арасында болады. 1- шісі қарым – қатынастың бұзылуы, шынайы мінездің байқалуынан 2-шісі балалардың отбасынан бөлектенуі т.б.

Бұл қиыншылықтар конфликтке әкеледі, нәтижесі отбасының төмен адаптациясы.

Отбасы және отбасы қиыншылықтары әрине бар. Ал арнайы теория және практикасы әлі де жоқ. Отбасымен жұмыс жасайтын психолог өз теориясын жасап отырады. Қазіргі уақытта отбасымен жұмыс жасайтын бірнеше бағыт бар. Ал олардың ішінд ең көп тарағаны - психодинамикалық және жүйелік бағыттар.

Психодинамикалық бағыт. Отбасы тіршілік ету бастағаннан бері келе жатқан проблемалар және проэкциялар. Бұл бағыт өткен шаққа кө көңіл

бөледі, яғни өткен шақта шешілмеген қиыншылықтар қазіргі кездегі қиыншылықтарға әсер етеді. Психодинамикалық бағыттың өкілдерінің айтуынша өткен шақтың қиыншылықтары отбасы ішілік проблемаға әкеліп соғады. Психологтың мідеті тренер позициясына ұқсас, ол отбасы ішілік конфликттерді басуға және шешуге көмек беру тиіс.

Жүйелік отбасылық бағыт. Жүйелік отбасылық терапевт жұмысы біріншіден, адекватты емес жақындық проблемасын шешу болып табылады. Бұл бағыттың теоретиктері Дж. Хейли, К. Мадакес, Л. Хоффман отбасы қиыншылықтары продуктивті ұйымдаспаудан пайда болады. Өткен шақ жүйелік отбасылық терапияның пәні емес, оның пәні - отбасы ұрылымы, отбасы мүшелерінің коалициясы және альянстары.

Қазіргі уақытта практикалық психолог қолдана алатын сан техникалар бар. Бұрынғы уақыттан келе жатқан кеңес беру формасы - *әңгімелесу*. Клиентпен жұмыс жасағанда 2 немесе одан көп психологтардың бірігіп жұмыс жасауы – *котерапия* деп аталады. Бұл техника консультация процесін әлдеқайда тиімдірек және эффективті жасайды.

Терапевт бірінші сеансқа бүкіл отбасын жинағаны дұрыс болып саналады. Адам көп болған сайын терапия эффективті түрде жұмыс жасайды.

9 Лекция. Ажырасу отбасы дамуының дағдарыс ретінде.

Адамдар жиі «Ой, бұл сондай жақсы жұп еді, міне арасына адам түсіп ажырасып кетті дейді.» Бірақ ол ешқашан да шындық емес. Өмір сүріп келе жатып адамдар бір күнде ажырасып кетпейді. Бір соққымен отбасын құрту мүмкін емес, жиі оның себебі ұзақ уақыт бойы қалыптасқан проблема болып табылады. Ол жиі жұбайлардың бір біріне деген эмоционалды суықтығына байланысты болып келеді.

Жиі адамдар ажырасатын кезінде мінезіміз жараспады дейді. Бірақ, шынында да ол сондай ма? Оның шынайы себебі не?

Бұл жиі отбасына деген дұрыс түсініктің қалыптаспауынан болады. Бір бірінің қызығушылықтары мен ерекшеліктерін есепке алмауынан болады. Мысалы, жұбайлардың бірі лидерлікке ұмтылады, ал екіншісі оны тындайды.

Отбасы құрудың алғашқы жылы адамдар бірін бірі туралы көптеген нәрселерді біле бастайды. Үйлегенге дейін біле алмаған жақтары көріне бастайды. Осы кезде адаптация жүре бастайды. Адаптациядан да дұрыс өте алуы керек. Көптеген жұптар осындай адаптациядан да өтпей ажырасып жатады. Мұның себебі, жоғарыда атап өткендей отбасы өмірі туралы жалған мифтардың пайда болуынан болады. Әсіресе, жас отбасылар асығыс түрде ажырасуға барып жатады. Және олар келесі жолы отбасын құрғанда осындай

кемшіліктер кетірмейміз деп ойлайды. Бұл әрине жалған болып табылады, өйткені адаптациядан өту үшін уақыт керек. Уақыт өте келе адамдар бір біріне үйрене бастайды. Осындай бағдарлардың адамдарда болуы ажырасуды стимулдайтын фактор болып табылады.

Ажырасқан адамдарға отбасылық өмірдің соңғы ажырасу кездері бақытсыз болып елестейді. Сондықтан да ол кездер туралы жақсы ойлар қалмайды. Ажырасу туралы шешімді жиі партнерлердің бірі ғана қабылдайды. Және ол жиі әйел болып табылады.

Ажырасқаннан кейін ер адамдарда бұрынғы әйеліне деген жек көрінішті сезімдер пайда болады. Ал әйелдері болса жиі балаларымен манипуляциялап отырады, және оларды өз жағына қаратқысы келеді. Ер адамдар ажырасқаннан кейін жиі қайғырады. Әйелдерге қарағанда ер адамдарда ажырасудан кейін өз өзін өлтіру жағдайлары жиі кездеседі екен. Олар жиі психикалық ауруларға ұшырайды. Халық арасында қалыптасқандай әйелдер емес еркектер ажырасу процессін ауыр көтереді.

Қазіргі кезде әйел адамдар екінші рет үйленудің мифтарына сенеді:

1) Екінші үйлену біріншіге қарағанда жақсырақ болады, өйткені тәжірибе жинайды.

2) Құрған отбасы сәтсіз аяқталса ол ер адамға байланысты деп ойлайды және ер адамды дұрыс таңдамадым дейді.

3) Ажырасудан кейін бәрі де жақсы болады т.б.

Міне осындай сияқты көптеген мифтарға сену адамдың жиі ажырасуға себептейтін факторлар болып табылады. Әрине ажырасудың себептері өте көп, бірақ сонда да ажырасу деген не? Біреулері оны жамандық дейді, екіншілері жамандықтан құтылу дейді.

Ажырасу ол тек адамдардың әлеуметтік статусының өзгеруі ғана емес, ол сонымен қатар олардың өмір ағымының өзгеруі, әлеуметтік, экономикалық т.б. жақтан.

Бірақ та одан да басқа жағдайлар болуы мүмкін. Талай жылдар бойы бірге тұрып келе жатқан адамдар екеуі бірге тұра алмайтындығын түсінсе де балалары үшін т.б. себептермен бірге тұра береді. Сөйтіп ол адам үнемі невроздық күйде өмір сүреді, ал ол әрине оның денсаулығына да әсерін тигізеді.

Отбасының ажырасуы отбасының нормативті емес кризисі болып табылады. Бұл отбасының институт ретінде дамуына еш әсерін тигізбейді. Қазіргі кездегі отбасын құрудың өзіндік ерекшелігі некенің бұзылмастығы жайлы догматты өзгертті. Мысалы, қазіргі кездегі ажырасудың инициаторы жиі әйел болып келеді. Бұл әйелдердің неғұрлым тәуелсіз болуының салдары болып отыр. Әрине бірақ, күйеуі алқаш болатын болып балаларына күн көрсетпейтін болған жағдайда ажырасу ең дұрыс шешім болып табылады. Бірақ, мұндай жағдайды да дұрыс интерпретациялай алу керек. Өйткені, ол үнемі

ондай болған жоқ, оның арақ ішіп кетуіне не себеп болды соны анықтай білу керек.

Қазіргі кездегі үйлену саны ажырасу санымен тең. Психологтар ажырасудан кейінгі мынандай реакция тірлерін көрсетеді:

- 1) Шок, өз өзіне деген жалость
- 2) Ажырасқанға жағымды қарап, пайда болған мәселерге бейқұмар болу.
- 3) Мазасыздық, қалыптасып қалған рольдерден арылу.
- 4) Бір рет ажырасқан ер адам үнемі өзінің әлеуметтік статусын көтергісі келеді.
- 5) Оған дейін болған мінез құлыққа қарама қарсы мінез құлық көрсету.

Клементс отбасының сәтті немесе сәтсіз болатынын алдын ала біле алуға болады дейді. Мысалы, оған адамдардың қандай жерде, қандай жағдайда танысқандары әсер етеді. Сонымен қатар жас жұптың некеге дейінгі бір біріне деген қарым қатынасына қарап анықтауға болады.

Коннердің айтуынша екі адам болып отбасы ретінде өмір сүру өте қиын. Ортақ жұмыс жасау, бір нәрсені бөлісіп өмір сүру бастапқыда оңайға түспейді. Осы отбасылық өмір туралы дұрыс ақпарат біз ала алуымыз керек. Ал көптеген жоғарғы оөу орындарында мұндай сабақтар мүлде жоқ, сонда жастар отбасылық өмір туралы қайдан білуі керек? Қоғам осындай ажырасу проблемасы көптеп кездескен жағдайда оыс пәннің оқу программасына енгізілуін қадағалауы керек.

Ажырасу туралы әр түрлі көзқарастар қалыптасқан. Біршама авторлар ажырасу адамдарға жақсы да әсер етеді. Себебі, ажырасуды басынан өткізген екі адам да өздеріндегі қателіктерді түсінеді және келесі құрған отбасы оларға сәттірек болады. Жалпы ажырасу санының көбеюін кей авторлар былайша түсіндіреді: жиырмасыншы ғасырдың басында біздің елдерде өте қиын кезеңдердің бірі болып табылады. Сол кезде көптеген ер адамдар қайтыс болды да, әйелдер өз бетінше жұмыс жасау керек болды. Кейін солай келе әйелдер неғұрлым тәуелсіз бола бастады. Осындай тәуелсіздік әйелдерді отбасынан алшақтатты.

Отбасының өмірінде кризисті уақыттар болады. Ол, кризистерге ажырасу да жатады.

Осыған байланысты әр түрлі ажырасу туралы теориялар бар. Бір ғалымдар ажырасуды бір «ықпал, итеру» деп түсіндіреді. Оған көзге шөп салу, ауру, арест т.б. жатады. Осындай ықпалдардан кейін отбасы құлап қалады. Бірақ, бұл тек әсер ететін жалғыз нәрсе емес, отбасын бір соққымен бұзу мүмкін емес, оған оның алдында белгілі бір себептер болды деген сөз. Ажырау ол процесс. Басқа концепцияда махаббат деген кері процесс дейді. Ол бірінші күшті болады, кейін әлсіреп

аяғында құлайды. Ажырасу отбасы құрумен қатар көптеген уақыт бойы келеді.

Ажыраусдың себептері өте көп болып табылады. Ол тарихи деректерден белгілі болғандай, әр түрлі себептерге байланысты. Ертедегі елдерде ажырасуға тек ер адамда құқық болған, және олар әйелдерінде бірнеше себептер болса, ажыраса алған: егер әйелде дене кемістіктері болса, әйел үй тірліктерін дұрыс жасай алмаса, егер жұбайлық адалдығын сақтай алмаса, және ондаған жылдар бойы туа алмаса күйеуі ажыраса алған. Ертедегі қытайлықтарда келесі себептер бойынша ажыраса алған: Ер адамның ата анасына мойынсұнбау, бедеу болу, жаман ауруы болса, көп сөйлейтін болса. Бірақ егер ол жетім және сол уақытта күйеуінің ата анасына арнап траурда жүрсе бұл себептер дұрыс деп саналмайды. Ежелдегі римдіктерде ажырасу деген жай тірлік болған, оларда ажырасу өте оңай тірлік болған.

Ежелгі гректерде ажырасу оңай болған. Ер адам адамдар көзінше ажырасуы туралы айтып, кейін әйелі келісімін беріп, өзінің приданносын алып әке шешесінің үйіне баратын болған. Ал, егер әйел ажырасу туралы айтатын болса, ол ұзақ уақыт бойы қаралып, және қандай жағдай болмасын балалар әкелерімен қалатын болған.

10 Лекция. Отбасы және баланы моралды-адамгершілікке тәрбиелеу.

Тәрбие мәселесі – мәңгілік әлеуметтік мәселелердің бірі, оның нақтылы шешілуі мүмкін де емес. Тәрбие әлеуметтік ғылымның зерттеу объектісі болып табылады.

Тәрбиелік процесс көлемді болады: кез-келген ерікті немесе еріксіз түрде қоршаған адамдарды тәрбиелеу процесіне қатысады. Тәрбие тек адам қызметінің бір формасы болып қана қоймайды, ол сондай-ақ адамдық әлеуметті қалыптастыруға көмек береді, себебі тәрбиелеудің басты мақсаты – қоғамдық қателіктермен анықталатын бағытты түзету бағытына адамдарды бағыттап отыру.

Тәрбие – жаңа ұрпаққа қоғамдық тарихи тәрбиені беру бойынша қызмет, тұлғаның қалыптасуын, оның қоғамдық өмірге және өндірістік еңбекке дайын болуын қамтамасыз ететін жоспарлы, әрі мақсатты құбылыс. Қоғамдық өмірді демократияландыру процесінде адамды тәрбиелеу – маңызды әлеуметтік мәселелердің біріне айналады. Социология тәрбиені адам қоғамдық қажетті қызметтерінің ерекше бір түрі ретінде қарастырады.

Тәрбиені жеке тұлғаға қалыптасқан формада әлеуметтік тұрғыда беріп, адамда белгілі бір мінез бен қасиетті қалыптастыру арқылы оны

белгілі бір қоғамдық қызмет деп қарай келе тәрбие социологиясы пәнінің маңыздылығын анықтауға болады.

Баланы тәрбиелеу мақсаты эмоциялық қажеттілік куәлігіне байланысты болатын жағдайлардан тұруы мүмкін. Бала қажеттіліктің орталығы, оны қанағаттандыру ата-ананың жалғыз объектісі болып табылады. Бұл орайда мысалдар өте көп, әсіресе қандай-да бір себептермен басқа адамдармен қарым-қатынаста қиналатан, ата-аналар болуы немесе жалғыз ғана аналардың болуы, бар уақытын немерелеріне арнаған аналар болуы мүмкін. Ата-аналар ешбір ойсыз өз қажеттілігінің объектісін сақтауға, баланың жанұядан тысқары ортаға шығуына кедергі бола отырып, тырысып бағады.

Тәрбие социологиясы – тұлғаның, қоғамдық әдейі бағытталған, мақсатты қызметі ретінде қалыптасқан белгілі бір әлеуметтанушылық, эстетикалық қасиеттері мен өмірлік ұмтылыстары бар, әлеуметтілікті тасымалдаушы болып қалыптастыру.

Тәрбие қоғамның жеке тұлғаны дамыту мен әлеуметтендіру үшін қолданатын күші мен әсерлерінен тұрады делінеді. Мектептің ролі – балаға әсер ететін түрлі жағдайларды анықтап отырып әлеуметтік бақылау жүргізуді жүзеге асырады. Әрине, тәрбие мақсаты қызмет ретінде нақты қоғамның идеологияларын, қағидаларын және құндылықтарын нақтылайды. Осындай қызметті жүзеге асыра отырып, тәрбие социологиясы бірнеше мәселелерді шешеді.

Біріншіден, тәрбие социологиясы жоспарлы-теориялық қызметті атқарады. Адамның теоретикалық моделін қалыптастырады, осының негізінде қоғамның жаңа ұрпақты еңбектік, қоғамдық және жеке өмірге дайындау мақсатындағы әсерінің заңдылықтарын зерттеу және қоғамның діни, саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі тенденцияларын талдау негізінде оларға болжам жасау мүмкіншілігі туады. Тәрбиелеу процесінде түрлі әлеуметтік топтарға, нақты әлеуметтік тарихи шарттарға байланысты қоғамның шығаратын талаптарының өзгерісі зерттеледі

Екіншіден, тәрбие социологиясының тәрбиенің әлеуметті анықталуын зерттеу қажеттілігі туады. Бұл зерттеу әлеуметтік-мәдени орта мен тәрбиенің жеке тұлғаның әлеуметтенуіне әсерін зерттеумен байланысты. Мұнда тәрбие социологиясы жастардың әлеуметтік қасиеттері мен өмір сүу салауатының өзара қарым-қатынасы мен өзара әсерін, тұлғаның қалыптасуына әсер етуші негізгі әлеуметтік процестердің, институттар мен факторлардың даму тенденцияларын анықтауды қарастырады. Мұнда ақпарат құралдарының әр түрлі әлеуметтік құрылымдар мен жұртшылыққа әсері, оларды тәрбиелеу процесіне қосу үшін, міндетті түрде есепке алудан тәрбиелеу процесі алынған тәрбиелік процесс білімдерінің негізінде жақсара түседі. Түрлі жастық кезеңдерде жанұя, ақпарат құралдары, құрдастар тобы, өндірістік ұжым сияқты факторлар тұлғаның қасиетінің қалыптасуына түрлі және көп жағдайда

қарама-қарсы әсер етеді. Осы факторларды түрлі жастағы адамдарға әсері мен әлеуметтік қоршаған ортаның әсерін терең зерттеу тұлғаның қалыптасуы мен дамуына белгілі мөлшерде әсер ететін әлеуметтік микротоптарда факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, тәрбие социологиясы – тұлғаның қалыптасуы мен дамуына нақты пәндік-қызметтік бағытты процесс болып табылады.

Сәйкесінше тәрбие социологиясы нақты тарихи жағдайдағы тәрбиенің әлеуметтік процеске әсер етуінің тәжірибелік мүмкіншіліктерін зерттеумен байланысты. Мұнда тәрбиенің қоғамның саяси-идеологиялық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени қайта өндіруіндегі ролі зерттеледі.

Қазіргі заманғы қоғамдық өмірді демократияландыру жағдайында экономикалық саяси және әлеуметтік мәселелердің шешемі ең алдымен сол тұлғаның мамандардың мамандану дәрежесіне, яғни олардың техниканы тиімді пайдалануына, ғылым жетістіктері мен мәдени құндылықтарға тәуелді болып келеді. Осының барлығы азаматтың жауапкершілік сезімімен, алдағы қызметтік әлеуметтік бағыттарын көре білуімен байланысты.

Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан отбасы қатынастарына, қоғамдық пікірлерге, сапалы бала тәрбиелеп өсіруге көп көңіл бөлінуде. Жалпы мемлекет жағдайы төмен болса, онда отбасының да жағдайы нашарлайды. Көптеген дәстүрлер де осыған әсер етеді. Бұрынғы Кеңес Одағы кезінде отбасы мемлекетке тәуелді болып, оны мемлекет өз қарамағына алып, оқу, тәрбие, денсаулық сақтау, халықтың әл-ауқатын жақсартуды мемлекет өз мойнына алып, отбасы өз бетімен, көмексіз өмір сүре алмайтын орта санап келді. Бүгінгі еліміздің нарықтық қатынастарға өтуіне байланысты отбасын

Жетілген мінез-құлық – бұл үш нәрсенің: жүректің, ақылдың және қолдың бірлігі мен келісімі. Егер бала өзінің жүрегін тындауға үйренсе және тек қана жүрегін айтқанын істейтін болса, онда ол өмірден өз орнын табады да, Жер үстіндегі Адамның қызметін атқарады.

Бұл мақсатқа нағыз Мұғалімдердің қатысуымен ғана қол жеткізуге болады. Балаларды сүйетін және өзінің ісіне берілген Мұғалім ғана мейірбан адамның қалыптасуына баға жетпес көмек көрсетуге қабілетті.

Рухани тәрбие өзінің қуатын әлемнің әрбір құбылысынан алуы мүмкін. Олай болса, кез келген оқу пәні балалардың адамгершілігін, жақсы мінез-құлқын қалыптастыру құралы бола алады.

Алайда соңғы кезде үлкен мен баланың қарым-қатынасы, мұғалімнің оқушыға деген қарым-қатынасы үнемі байланыспай келгені ешкімге де құпия емес. Балалардың өзінің мұғаліміне деген жақсы көрушіліктен барынша шалғай жатқан қорқыныш, жек-көру, сыйламау сияқты сезімдерді бастан кешіретіні жиі кездеседі. Мұның себебі, мұғалім мен оқушылардың жеке бастарының сапасы мен оқу әдістерінің сапасына байланысты болуы мүмкін.

Мұғалім әрбір сабақты жан-тәнімен беріле оқытуды, бала жанына әсер ететін құндылықтарды қалыптастыруды өзі үшін сақтау қажет. Үлкен адам қай жерде болмасын өзі рухани белсенділік танытатын болса, сол арқылы тәрбие бере алады.

Шын мәнінде жалпы адамзаттық құндылықтар ұғымына енетін өмір құбылыстарының бәрін сабақтардың кез келгенінде көрсетуге болады.

Бүгінгі таңда үлкендерге балалардың ынтасы мен назарын өзіне аударуға қол жеткізу оңайға түспейді. Баланың рухани – адамгершілік тағылымына кері әсер етуші факторлар: соғыс ойыншықтары, жат қылықты жариялайтын фильмдер, бейнетаспалар және компьютерлік ойындар бар. Сондықтан мектептен тыс кездегі сабақтарды ұйымдастыруда мұғалім барынша тапқырлық танытқаны жөн.

Отбасылық тәрбие

Жүзеге асырылатын міндеттер.

Мектеп пен отбасыға талдау жасау. Әлеуметтік қорғауды керек ететіндердің есебін алу.

Әр отбасында адалдық пен мейірімділік, жасы әр түрлі отбасы мүшелерінің рухани жақындығы мен мақсат бірлігіне негізделген тәрбиені пайдалан

Бала тәрбиесінде ауыл тұрғындары мен туыстардың жауапкершілігін арттыру.

Бала өмірінің кезеңдерін есте қаларлықтай мерейлі, мақсатты түрде атап өту.

Ауыл ақсақалы, ауыл ағасы, беделді туыстардың балаға тәрбиелік әсерін, ықпалын тиімді пайдалану.

Бала тәрбиесіне қоғамдық, әлеуметтік сипат беру.

Әр отбасын имандылық, адамгершілік тәрбиесінің ошағына айналдыру.

Отағасы – шаңырақ иесі, қорғаны, асыраушысы, ақылшы, әйелінің пірі.

Ананы қадірлеу, сүт ақысын өтеу тағылымын жаңғырту, жаңа мазмұн беру.

Жергілікті билік орындар арқылы үнемі отбасы беделін көтеріп отыру

Жоғарыдағы міндеттерді жүзеге асыру жолдары мен құралдары.

Жиын, жиналыстарда отбасылардағы игі істерді, бастамаларды, тәрбиелік тағылымды, т.б. үнемі насихаттау.

Беделді отағасы мен өнегелі отбасы өмір жолы мен тағылымын марапаттау, кездесулер өткізу.

«Ұлын ұяға, қызын қияға» қондырған отбасыларды үлгі - өнеге ету.

Әлеуметтік қорғауды керек ететін отбасыларды қамқорлыққа алу.

Бала тәрбиесіне қатысты мекеме, ұйымдардың (милиция инспектры, мектеп басшылары, ата – ана комитеті, т.б.) есебін тыңдау.

Ата – ана жұртшылығына педагогикалық білім беру, ақпараттандыру ісін жолға қою.

11 Лекция. Отбасының әлеуметтік-психологиялық ахуалы тәрбие факторы ретінде.

Әлеуметтік бағдарлама және жеке тұлғаны тәрбиелеу дегеніміз жалпы алғанда үш процестің өзара әрекетіне байланысты.

- Қоғамдық ортаның әсері;
- Мақсатты бағыттағы саяси, әлеуметтік және эстетикалық қоғамдық әсерлер;
- Жеке тұлғаның әлеуметтік белсенділігі.

Жеке тұлға – сыртқы әсерлерді қабылдауға қабілетті, оның ішінен нақты бір ақпаратты тандап ала алатын және қоршаған дүниеге әлеуметтік бағдарлама бойынша әсер ете алатын күрделі жүйе болып табылады.

Қоғамдық қатынастар дегеніміз бір тұлғаның екінші тұлғадан айырмашылығы, өзінің ерекше ролі мен артықшылығына қарай қарым-қатынасқа түсуі. Мысалы, ақыл, байлық, тартымдылық, адамгершіліктің мол болуы.

Әлеуметтік бағдарлама – осы жүйенің болашағын өзгерту мүмкіндігі. Әлеуметтік бағдарлама ортаның әр түрлі әсерін, ұрпақтарын әлеуметтік тәжірибеерін күшейтеді. Оның арнайы түрдегі қызметі – жеке тұлғаны бір нақты бағытқа қарай өзгертуі және оны жан-жақты дамытуы. Сондықтан социологияда әлеуметтік ізін басу немесе мұра деген нұғым бар, оған адамзаттардың мәдени мұралары мен ерекшеліктері кіреді.

Әлеуметтік мұра өткен ұрпақтың әлеуметтік және қоғамдық тәжірибесінің жағымды жақтарын қабылдауды, меңгеруді қамтамасыз етеді және осыған тәрбиелейді. Онсыз әлеуметтік бағдарламалардың дамуы және іске асуы мүмкін емес. Сол себепті социологиялық прогресте дамымайды. әлеуметтік бағдарлама өткен және жаңа қоғамдық тәжірибелердің синтезі ғана емес, дамуға қажеттілік пен мақсаттардың да синтезі болып табылады. Бұл жеке тұлғаның болашақ жағдайының жоспарлық моделі. Әлеуметтік бағдарлама бойынша орта және жоғары оқу орындарында білім және тәрбие беру жүйесі құрылады.

Қазіргі кезде оқу жұмыстары көптеген өзгерістерге ұшырады. Әлеуметтану бойынша қалыптасқан және дамыған жеке тұлға қабілетті болып, біртіндеп өз бойында саналы өзгерістер жасап өзін жақсы жағынан көрсете алады. Тұлға өмірі әлеуметтік қоршаған ортаның әсеріне толық бағынышты болады. Ол қоғамда қалыптасқан тәртіп үлгілерін, құндылықтар жүйесін, нормалар мен әлеуметтік-қоғамдық стандарттарды

қабылдай бастайды. Оның қызмет мақсаты іздену сипатында болады. Әр түрлі сыртқы әсерлердің жиынтығы, жеке ерекшеліктер сатысынан өтіп, адам біртіндеп әлеуметтік-қоғамдық құрылымды құрайды және оны қалыптастырады.

Тұлға дамудың жаңа саналы деңгейіне жетеді, жеке дамудың субъектісі болады, себебі ол қоғамдық өмірдегі өзінің орны мен ролін анықтағысы келеді, осыған байланысты алдына ұлы мақсаттарды қояды. Осындай кезеңнің логикалық аяқталуы жеке тұлғаның біртіндеп бүгінге айналуы немесе толық қалыптасқан адамға айналуы болып табылады. Сонымен жеке тұлғаны тәрбиелеу оның қоғамдық қатынастарды меңгеруі және әлеуметтік ортаның қалыптасқан субъектісіне айналуы, өзі-өзі дамытуы болып табылады.

Қоғамның әрбір адаммен байланысы нақты әлеуметтік әрекет процесі кезінде іске асады. Жеке тұлғаның қажеттілігі мен қызығушылығы қоғамдық қатынастардың айнасы немесе кескіні болып табылады.

Әлеуметтік сфера – қоғамның адамдарға талап ететін нақты талаптардың бірлігі және осы талаптарға адамдардың әр түрлі мінездерімен, шын қалыптасқан тәртібімен жауап береді. Бірақ әлеуметтік сұраныстың және ақыл-ойдың жеке әдістері ғана нормативті іске асса сәлеуметтану кеңістігінің нақты табиғаты түсініксіз болып қалады. Мұндай жағдайларда адамның мотивтері, тартымдылықтары, армандары алдыға қойған мақсаттары есептелінбей қалады.

Тарихи қажеттілік бәріне қарсы тұра алады, себебі қоғам – адамдардың қоғамдық дамуының түбірлі қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған белсенді, шығармашылық, өзара әрекетсіз дами алмайтыны белгілі. Бұндай әрекеттер қоғамдық қажеттіліктерді жеке адам қажеттілігіне ауыстыру органикалық трансформациясыз мүмкін емес. Осыдан барып самотрансформация қажеттілігі туады. Бұл өз кезегінде әлеуметтік зерттеуді қажет етеді.

Қоғамдық қатынастарда адамдар арасындағы өзара қатынастар (олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру барысындағы) әлеуметтік қызығушылықтың мазмұнын құрайды.

Қажеттілік пен қызығушылықтың, материалдық және рухани өндірістің *әлеуметтік ролі* – олардың жеке адамдарды тәрбиелеу және қатынастыру әмірінде бірге жұмыс істеуінде. Құндылықтар сферасының әр түрлі формаларында – саяси, жақсы көрушілік, діни, құқықтық, қоршаған орталық сияқты маңызды қоғамдық қатынастарды ұйымдастыра және оған қызмет ете білуі керек. Сондай-ақ әлеуметтік басқару мен мәдениет теориясы социологиясының кең позициясы.

12 Лекция. Аралас некедегі ерлі-зайыптылар қатынасының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері.

Қазіргі психологияда көптеген атақты жұмыстар бар, олардың объектісі болып - отбасы мәселелері болып табылады.

Л.Я.Гозман эмоционалды қарым -қатынаста үш негізгі ерекше атап кеткен: эмоция, аттитюд және тұлғаралық жаңғыртудағы эмоционалды компонент.

К.Яспер бойынша "Адамның бір - біріне жақындасуы". Ал, А.А.Бруднер бұл туралы былай деген: "Әңгімелесу кезінде адам өзін жекеше таниды, тұлға өзін-өзі тани бастайды. Әрине, алғашқыда адам басқа адамға қараған кезінде, өзін айна алдынан көргендей елестетеді және басқа адамда тура сондай сезімде болады. Бұл бейне адам сансында болады және ол адамның денелік тұрғысының болмаған жағдайында оны санада субъективті түрде тудырады. Жақындар, туған-туысқандарымен өмірлері бір болғандықтан оның ішкі дүниесіне нақты түсіне бастайды.

А.А.Кроник пен Л.Я.Гозман ойларымен келісетін болсақ тұлға аралық негізгі кординант қоғамы рөлдік статустың айырмашылығынан болады.

А.А. Кроник пен Л.Я. Гозман ойларымен келісе отырып тұлға аралық қатынаста рөлдік статустың айырмашылығы болу керек деген.

Ішкі отбасылық қабынастың құрлуы мен дамуын түсіну кезінде маңызды рөлді эмоционалды қатынас мәселесі атқарады. Л.Я.Гозман эмоционалды қатынастың аттракциясын көрсеткен (ағылшын тілінен attract- ұнаттыру) Қазіргі психология ғылымында аттракция келесі мағынадағыдай түсіндіріледі:

- физикалық мағынада бірге болу

- объект ерекшелігі, адам мен объект арасындағы қатынасқа мінездеме береді

- эмоция, басқа адамды олау

- тұлға аралық қатынастың эмоцияның қосылуы

Аттракция көптеген жағдайлардан болуы мүмкін, соның ішінде

Гозман мыналарды атап айтқан:

- партенлер арасындағы ұқсастық

- олардың іс-әрекетеріндегі ерекшеліктері

- әңгімелесу кезінде болған оқиға

- мәдениетті сөйлесу

- қатынастың дамуының уақытша үзілуі

Егер шынымен жақын адамдар болса, онда қарым-қатынаста мұңды болмайды.

Бірақ неке-шынайы адалдық, қиын және бағалы болып табылады. Және оның сәттілігі адамдардың бірін-бірі

Түсінушіліктеріне байланысты болады.

К.И.Чуковский Л.Толстойдың сөздерін есіне алып ,былай деп жазған:”Адам бойындағытұлғалық қасиеттен басқа, жандық әуені бар екендігін бірінші түсінген,және әр адам бойында ол қасиет өзімен бірге болады,бейнелісі келген кезінде бейнелеп, ішкі жан дүниесін көрсетеді”.Адам оның жан дүниесін түсінген адамды қадірлей бастайды.Және адамға өзін көрсету қиынырақ болған сайын,оның сол қасиеттері өмірде ең маңыздысы болып табылады.

Советтік психологДодонов Б.М. “басқа адманың жандық әуенін сезіну” келесі эмоция түрлеріне шалдығады деген:

- альтруистік- басқалармен бірігу
- коммуникативті-әңгімелесуді талап ету
- глюристік-өзіндік тнуды талап етушілер
- практикалық- жұмысқа берілу, сәттілікті талап ету
- пугнистикалық- қауыпты жеңу құмарлығы
- романтикалық-ерекшеллікке ұмтылу
- гностикалық- мәнін түсінуге ұмтылу
- гедонистикалық- жандық, денелік қанағаттануды талап етушілер
- акизитивті- толғандырушы мәселені шешушілер.

Қарым-қатынас дамуының екі түрі танымал-“мәңгі махаббат пен достық” және “қайғылы соңынын болуы”.Адамдардың өздері отбасын сәтсіздікке итермелейді.

Некеге қанағаттану және ерлі –зайыптылар міндеттерін сақтау.

Ең алдымен өмірге риза болу не екендігін түсіну керек.

Барлық отбасылық талаптарды орындаған отбасы есейген отбасы деп атауға болады.

Соған орай жоғарыда айтылғандардан келесі тізбекті құруға болады:

-Өмірде қанағаттанған адам көбінесе, некеге отырған,отбасылы адамдар болып табылады.

-Некеге отырған адамды бақытты адам деп санауға болмайды.Некенің сапасына байланысты болады.

-Некенің сапасы махаббат басталуына байланысты.

-Осындай отбасы қатынасынан өсейген отбасы деп қарауға болады.

Р.С.Немов ерлі-зайыптылар қатынасының төмендеуіне келесі 5 факторды келтірген:

-Отбасы мүшесінің әрбіреуіне жеке тұлғалық мінездеме, және өздері жайлы ойлары.

-Әйел мен күйеуінің жқмыста немесе үйдегі қатынастары

-Әрбір ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас.

-Жаңа отбасындағы екі түрлілігі:әйелі мен күйеуінің ата-аналары мен туған-туысқандары.

-Отбасы өмірінің мамандық және материалды жағдайы.

С.Д.Лаптенкерлі-зайыптылар арасындағы байланыс келесі түрдегідей:ортақ жандық махаббат, сексуалды сәйкесігі мен отбасының жайлылығы .

М.Т.Кутузов эмоционалды қатынасты бұзатын кейбір психологиялық жағдайларды көрсеткен:

- махаббатқа сенбеу
- отбасылық жайлық туралы дұрыс түсініктің болмауы
- жыныстық қатынас кезінде интуицияның болмауы

Дж. Рейнуернер бойынша жақын адаммен тұлға аралық қатынаста қиындықтар туындауы мүмкіндігін көрсеткен,олар мыналармен байланысты болуы мүмкін:

- күту
- сенімді сезіну
- бақылау
- махаббат пен қолдаушылықты талап ететіндер
- моральді кінәләу
- басқа адамдармен қатынастың бітпей қалуы

Отбасының беріктігі жайында айтатын болсақ,В.А.Сысенко келесі түрлерін көрсеткен:

- әлеуметтік-экономикалық фактор
- отбасылық міндетті атқарғандардың әлеуметтік-экономикалық факторы

Отбасылық өмір мен өзіне деген жағымсыз қатынас.Дэвид Берн өмір мен өзіне деген жағымсыз қатынастың келесі түрлерін көрсеткен:

- ақ пен қара деп ойлау
- қарым-қатынастың жоғары деңгейде болуы
- сәтсіздіктері туралы көп ойлау
- жағымды жағдайларға көп көңіл бөлмеу
- тез шешім қабылдау
- өмірді эмоциямен қабылдау
- болған жағдайдан,кінәнін барлығын өз мойна алу

Ерлі –зайыптылардың отбасылық өмірге үйренулері мен сыйысушылықтары.

Үйрену сөзі қоршаған ортаға бейімделу деп қабылданады.

А.Н.Волкова мен Е.И..Трапензикова айтулары бойынша отбасында баланың өмірге келуімен отбасылық өмірі өз бағытын ұстанады.Онда бір-бірлерінде көңілдерінің қалуы,атқаратын қызметтері жайында мәселенің туындауы,туысқандар мен арақатынастың бұзылуы,материалды және экономикалық мәселелердің пайда болуы.

В.П.Левникович пен О.Э.Зуськова айтулары бойынша, пайда болған жағдайлар, ол некеге дейінг пайда болғандығы туралы айтқан.Жас ерлі-зайыптылар арасында түсініспеушіліктен көптеген мәселелер

туындайды. Психологиялық әдебиеттерден алынған нәтиже бойынша отбасына үренуіне арналған бағыт келесі т. рдегідей болады:

13 Лекция. Отбасы және тұлғаның әлеуметтенуі.

Әлеуметтану тәрбиені қоғам мен тұлғаның өзара байланысының маңызды формаларының бірі ретінде қарастырады. Қоғам мен тұлғаның өзара байланысын талдай келе оның деңгейінің ерекшелейді. Ол біріншілік және екіншілік тәрбиеге бөлінеді.

Өзара байланыстың біріншілік деңгейі адам мен оның өмір сүру шарттарының, оның белгіленген әлеуметтік ортада жүргізген қызметінің объективті өзара қызметін қарастырады. Егер тұлғаның қалыптасуы барлық қоғамдық өмірлік сфераларда жүзеге асады. Бұл кезде адам өз тұлғалық дамуында дамушы қоғамның үлгісі ретінде қарастырылады. Тұлғалар судың бір тамшысы сияқты адамдардың қоғамдық өмірінің көптүрлі және көпсатылы екенін бейнелейді. Тұлғаның қалыптасуы – қоғамдық дамудың негізгі нәтижесі, оның терең мәні болып табылады. Сондықтан да тұлғаның сипаты қасиеттерінің жиынтығы ретінде оның әлеуметтік организмін сипаттай алады.

Адамның сипаттамалы қасиеттері қайта құрылуы өмірдің табиғи және заңды нәтижесі. Тұлға оның өмір сүруін анықтайтын, объективті тенденциялардың айнасындай болады. Мұндай деңгейде тұлғаның контрагентті әлеуметтік өмірі болып табылады. Тұлға сезімді құрал ретінде өмірдің өзгерістеріне, яғни әлеуметтік, моральдық, саяси құндылықтарының өзгерістерімен реттеп отырады. Міне осыған байланысты тәрбие адам дамуы үшін қажет болып табылады. Тәрбие тұлғаның өзіңше, саналы түрде, қоғамдық талаптарға сәйкес өзінің өмірін жақсы етіп қалыптастыруға көмек береді. Тәрбие процесі адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуындағы өзіндік дамуы. Тәрбие және оны жүзеге асыру қоғам мен тұлғаның өзара байланысының формасы ретінде маңызы жоғары болып табылады.

Тәрбие социологиясының құндылықтары туралы білім мен оны оқыту адамды қоғамдық қатынастардың және әлеуметтік функциялардың, құқықтар мен міндеттердің алып жүрушісі ретінде зерттейді. Жеке тұлғаның рухани өмірінің объективті факторлары мен механизмін ашып және оны толық түсіндіру үшін сол ортаның әсерін әсерін басқарып отыруға көмектесу үшін, оның стихиялық әлеуметтік әсерін азайтып және керісінше жеке тұлғаның әлеуметтік әрекеттерінің аумағын кеңейту үшін адамның әлеуметтік өмірінің әр түрлі сферасын, олардың функциялық байланыстарын зерттеуді қажет етеді.

Әлеуметтану тәрбие процесіне сырттай әсер етеді, бірақ та әлеуметтік білімдер тәрбие процесі пәнінде қызметтер көрсете алады және солай істеуге міндетті де. Тәрбие процесі схоластикалық сипаттарды

қалыптастырады. Тәрбиенің соңғы нәтижесіне әсер ететін маңызды себептердің бар болуы мен факторлар өзара тиімді бақылауға алынады, немесе олар белгісіз болып қалады.

Қазіргі кездегі тәрбие теориясы негізгі және қосымша құндылықтар біліміне үлкен әсер етеді.

Құндылықтар туралы білімде құн және оны құнын анықтаушы деген қарым-қатынас бірінші туса, ал деонтологиялық салада норма мен орындаушы арасындағы қатынас аса маңызды болады. Деонтологияның ең басты маңызды сұрақтары болып жеке тұлға мен қоғамның арасындағы қатынастар болып табылады.

Деонтологиялық сала– жеке тұлға мен қоғамның арасындағы өзара талап пен міндеттердің, қоғам мен ұжымның, ұжым мен тұлғаның арасындағы күрделі байланыстық жүйе ретінде көрініс табады. Деонтологиялық құндылықтар – рухани құбылыстардың ерекше түрі, адамдар әрекеті мен әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеу кезінде қоғамның қажеттілігін қанағаттандырады.

14 Лекция. Практик психолог іс-әрекетінің отбасына психологиялық көмегі

Кеңес беру психологиялық жұмыстардың маңызды әдісі мен технологиясы болып табылады. Кеңес беру- бұл іс барысында маманның өтініш жасаған адамға пайда болған мәселелердің мәнін түсіндіріп және ұғындыратын, сондай-ақ оны шешу үшін қолдануға болатын түрлі амалдарды ұсынатын психологиялық жұмыс түрі.

Жалпы алғанда **«кеңес берудің»** анықтамасы негізгі деген бірнеше ережелерден құралады:

1. Кеңес беру адамға өзінің қалауы бойынша белгілі бір амалды таңдап алуына және сол бойынша әрекет етуіне көмектеседі.
2. Кеңес беру жаңа мінез-құлыққа үйренуге көмектеседі.
3. Кеңес беру тұлғаның дамуына жағдай туғызады.
4. Кеңес беруде өтініш иесінің жауапкершілігіне ден қойылады.

Кеңес беруде әсіресе, **отбасымен жұмыс жүргізгенде**, психологиялық кеңес беру маңызды болып табылады. Психологиялық кеңес беру өтініш иесіне ең алдымен оның тұлғаарлық қатынастарын қайта құруға, ал психокоррекциялық немесе психотерапиялық ықпал ету негізінен өмірі қиындықтары мен шиеленістері негізінде жататын адамның ішкі мәселелерін шешуге бағытталған.

Кез келген кеңестік көмек көрсету өтініш берушінің қажеттілігіне негізделуі тиіс. Бұл тұрғыдан алғанда екі негізгі мақсат туралы айтуға болады:

- 1) өтініш иесінің жеке өмір сүруіне ие болуының тиімділігін арттыру;

2) өтініш иесінің проблемалық жағдайды және қолдап мүмкіндігін молайту қабілетін дамыта түсу.

Кеңес беру мақсатының қорытындысы - өтініш берушіні өзін өзі көмектесуіне үйрету және осылайша оны өзіне-өзі кеңесі бола білуіне баулу.

Нысандарына қарай кеңес берудің *топтық* және *жеке*, ал мазмұны жағынан нақты және *бағдарламалық* түрлері болады. Нақты кеңес беру жеке адамның, отбасы топтарының және басқалардың тар мағынадағы мәселелері жөнінде сөз қозғалғанда жүзеге асырылады. Бұл жерде, әдетте, кеңес алатын адамды хабардар ету ғана емес, сонымен бірге оны жүзеге асыру мен қолдау жағынан да көмек көрсетіледі. *Бағдарламалық кеңес беру* соның барысында кеңес беруші мекемеге немесе ұйымға олардың қызметін субъективті бағалауға бармай-ақ, объективті түрде талдауға және солардың негізінде психологиялық көмек беру сапасын арттыруға көмектесетін мәселелерді шешудің екі жақты процесін қамтиды. Мұндай кеңес беруде басты назар жекелеген кеңес алушының тұлғалық мәселелеріне емес, жоспардағы шаралардың шындыққа айналуын қамтамасыз ету әдістеріне аударылады. Отбасылық кеңес беру процесі когнитивті және эмоционалды аспектілерді қамтиды. Кеңес беру барысында кеңес алушының немесе жалпы отбасының мәселелері шешіліп қана қоймайды, оларды шешудің тиімді деңгейдегі жолдары да іздестіріледі. Отбасылық кеңес беру – бұл ең алдымен тұлғаның ішкі байлықтарын эмоционалды тиімді факторлардың көмегімен аша білу үшін жағдай туғызатын өзара араласу, отбасының эмоционалды байланыстарын қалыптастыру.

Отбасылық кеңес беруді бірнеше бағытқа бөлуге болады. Мұндай жіктеу отбасылық проблемаларға кеңес беру тәжірибесінде кездесетін төмендегідей бөлулерден туындайды.

- некелескенге дейінгі проблемалар: жынысаралық қатынастардағы махаббат пен өзара түсіністік, некелік іздеу салу, неке таңдау, жалғыздық және тағы басқа мәселелерге түсінік беру. Мұндай жағдайдағы проблемалар жігіттік кезде де, соныменгі бірге ересек кезде де жиі кездеседі, мысалы, бірінші некеден кейін қайтадан үй болу, өмірлік серік іздеу, ерлі-зайыптылардың көзге шөп салушылықтарынан кейін шешім қабылдаулары;
- жас отау иелері өмірлерінің бастапқа кезеңіндегі проблемаларына кеңес беру. Бұл кезеңде отбасылық өмірге деген тәжірибенің жоқтығы салдарынан жанжалдың болып тұруы, ерлі-зайыпталардың ата-аналары арасындағы өзара қарым-қатынастары, бала туу жөніндегі мәселені шешу туралы сөз қозғалады.
- Бала – ата-ана проблемаларына кеңес беру; баланың мектептегі оқуы мен тәртібі, дамуының ауытқушылығы, отбасындағы тәрбие

- беру мәселесі және басқалар;
- Неке бұзысу мен ажырасқаннан кейінгі алаңдаушылық;
 - Отбасылық жанжал мен дағдарысқа кеңес беру.

Отбасылық кеңес беру мәселелердің кең шеңберін қамтитын ақыл-кеңес беру бағыттарының бірі ретінде ерлі-зайыптылардың, бала мен ата-аналар, ерлі-зайыптылар мен олардың ата-аналары арасындағы өзара қарым-қатынастарды қарастырады. Көбінесе мұнымен қазіргі кезде белсенді түрде бастау алып, қарқынды.

Отбасылық кеңес берудің техникасы.

Отбасылық кеңес беру процесін шартты түрде 5 фазаға бөлуге болады: байланыс орнату, проблемаларды анықтау, жұмыс фазасы, шешім мен әрекет фазасы және кері байланыс фазасы.

Бірінші фаза - өтініш иесімен байланыс орнату. Қорытындысы: олармен өзара әрекеттесу шегін анықтау. Ол бастапқы әңгіме-кеңес барысында жүзеге асырылады. Бұл фазада араласу мен оны құрайтын арақашықтық анықталады. Кеңесші әңгіме өткізгенге дейін отбасын, ата-аналар мен баланың байланыстарын қадағалап алады. Ол оларға тән баламен байланыс жасаудағы мінез-құлқы анықтайды, балалар мен ата-аналардың әсер қабылдау ерекшеліктерін, сөзбе-сөз және ыммен түсінісу сипатын, баланың мінез-құлқын бағалау мен реттеу әдістерін белгілейді.

Екінші фаза - өтініш иесінің проблемаларын, отбасының проблемаларын анықтау. Қорытындысы: кеңес алушы мен кеңесшінің проблемаларды түсінісудегі келісімдері. Кеңесші нақты проблеманы бағдарлап, оның мәнісін анықтап түсіндіреді. Кеңес алушы мен кеңесші баламалы амалдарды талқылай келе, бір жақты пікірге тоқталады. Кеңес алушы проблеманы қабылдауы тиіс. Кеңесші кеңес алушыға проблеманы өзінің атынан ғана емес, үшінші біреудің атынан да ұсыну құқығын бере алады. Бұл кезеңдегі маңызды проблема – дилеммаларды түсіне отырып, біршама келісімге келу болып табылады. Олай болмаған жағдайда барлық кеңес берушілік процесті қайтадан басынан бастауға тура келеді.

Әңгіме-дүкеннің сипаты (басқарылатын немесе басқарылмайтын сұбхат) кеңес беру - алудың мақсатымен, кеңес алушыны жеке ерекшеліктерімен және қабылданған теориялық көзқарастармен анықталады.

Үшінші фаза - жұмыстық. Қорытындысы: кеңесалушымен бірге проблемаларды жаңаша түсіну.

Бұл фаза үшін мынадай динамика тән: кеңес алушы мен кеңесшінің арасындағы байланысты (баяндауды) құрылымдарға бөлу кеңес алушының жүйкесі тарылуы, төзуі мен қарсы тұра білуі үшін бақыланатын жағдайлар жасау, кеңес алушының төзім шығуы мен өз иелігін табуы.

Төртінші фаза - шешім мен әрекет қабылдау. Қорытындысы қалыпты табиғи жағдайдағы кеңес алушының тиінді мінез-құлқы.

Бұл фазада белгілі бір кеңес беру теориясына сүйене отыр: маман кеңес алушының калыптасқан жағдайдан шығу жоспарын іздестіріп, оны табуға жетелейтін өзінің әрекетінің жоспарымен стратегиясын құрады. Өзі үшін қолайлы шешім тап кейін, оны өзінікіндей қабылдап, дербестік пен сенімге ие болған соң, іске кіріседі. Сонымен бірге әлеуметтік қызметкер кеңесі мен бірге әрекет етудің түрлі әдістерін сұрыптаудан өткізеді соңында өзіне қолайлы деген амалдарын тандапап алады. Бұдан кейін осы амалдарды кәдімгі жағдайда тексереді. Нәтижелі болатынына көзі жеткен соң, өзінің шешімін тұтастай соған жұмылдырады.

Бесінші фаза - кері байланыс. Қорытындысы: кеңес алушыны кеңес беру процесімен және оның нәтижесімен қанағаттандырады.

15 Лекция. Неке сапасын жоғарлату мәселесі.

Тәрбиенің ең басты мақсаты – жеке тұлғаның әлеуметтік, психологиялық қызығушылығымен нақты және тұрақты байланысты қамтамасыз ету, бекіту және күшейту.

Әлеуметтік қызығушылықтың анықтау ролі жеке тұлғаны тәрбиелеу және құру кезіндегі – олар адамдардың әлеуметтік белсенділігін жеке өндірістік әрекеттерін күшейту үшін негізгі күш болып табылады. Адамның әлеуметтік өмірі мен әрекетті белсенді болған сайын, ол жеке тұлға ретінде тезірек дамиды. Осы кезде тәрбие адамды жақсы дамуға шақырады. Әрбір жеке тұлға – қоғамдық ұттық, ұжымдық, отбасылық, экономиялық, саяси рухани дүниенің жетекшісі болып тұрады.

Сол себепті адамның әлеуметтік санасы әртүрлі қызығушылықтардың байланысы кезінде қалыптасады. Қызықтарды танып, білу, оны есепке алу және пайдалану тәрбиенің жақсы дамуына әкеп соғады. Қызығушылық негізінде жеке тұлғаның көптеген әлеуметтік санасы анықталады, оның білеттері, қажеттілігі, ішкі рухани дүниесі көрінеді. Соның әсерінен жеке тұлғада алға ұмтылыс, мотивтер, кейбір нақты қылықтар пайда болады. Жеке адам әлеуметтік өмірдің тәжірибесіне ие болған кезде ғана жеке тұлға бола алады.

Қоғамдық өмірде өзінің жеке бір орнын анықтай алады. Жеке және қоғамдық қызығушылықтардың өзара қатынасы сұрағы адамның жеке бостандығы мәселесіне тура байланысты болады. Себебі жеке адам бостандығы жеке тұлғаның қажеттілігі мен қызығушылығы арасындағы қарама-қайшылықтар мен әлеуметтік қоғамның қажеттілігі мен

қызығушылығының конституциясы болып табылады. Адамның бостандығы осындай түсінік кезінде бір, жағынан әлеуметтік-экономикалық құрылысқа, екінші жағынан тәрбие жүйесіне, оның әмбебаптығы тәрбие дәрежесіне тәуелді болады.

Өзіміз білетіндей, негізгі күтім некемен, отбасымен байланысты. 80-90% жастар үшін махаббат болашақ жарын таңдауда негізгі фактор болып табылады. Сонымен қатар өкінішке орай, махаббат пен ерлі-зайыптылардың тұрақтылығы арасында біржақты тәуелділік жоқ.

Отбасының әлеуметтік тіршілігін зерттеу барысында физикалық және социомәдениеттің арқасында бала тууда араласқандар мен отбасындағы барлық мүшелердің қолдауының болуы әлеуметтік функционалдық алдынала базалық жағдайдың пайда болғандығын түсіну қажет. Онсыз халықтың өңделуі және бұл әлеуметтік тұқымның барлық әлеуметтік институттарының толығы, әлеуметтік өмірдің жағдайының жасалуы мүмкін емес. Сонымен қатар отбасының негізгі қызметтерінің жүзеге асырылуы қандай да бір биологиялық реттелуін немесе механизмді тексеру емес, өзінің әлеуметтік процестерінің іс-қимылын толықтай әлеуметтік жүйесінің нәтижесік көрсетеді.

Ата-ана махабаты – адамның болашақ өмірінің бағдары, отбасының күнделікті атқаратын негізгі қызметі. Ата-ана махабаты баланың дене және ішкі жан дүниесінің, денсаулығының қайнар көзі мен кепілі болып табылады. Сондықтан да ата-ананың басты және негізгі отбасындағы қызметі – ең бірінші балаларына өздерінің жақсы мінез-құлығымен, адами құндылықтарымен жақсы көрінетіндігі мен оларға әрқашан да қамқор болатындығына сенім туғызу. Яғни, ешқашанда балалары өздерін ата-аналары жақсы көретіндігіне күмән туғызбауы керек.

Ата-ананың ең табиғи және ең қажетті міндетінің бірі өз балаларына олардың кез келген жасында оларға жылы махабатпен, қамқорлықпен және ұқыптылықпен қарау.

Көп ата-аналар өздерін балаларына деген махабатының жоғары болуы жағдайында бала өзін ата-анасының жақсы көретіндігін сезіп, ерке, өзімшіл болып өседі деп ойлайды. Бұл тұжырым өте дұрыс емес. Дәл осы жағымсыз тұлғалық қасиеттер ата-аналық махабаттың жетіспеушілігінен, қайсыбір эмоциялық тапшылық пайда бола қалғанда қалыптасады. Ата-ананаңы өз баласына оны жақсы көретіндігі мен қамқор болатындығы туралы сезімін білдіру ата-анасының баласына бөлетін уақытына да, баласының қайда өсетіндігіне де, баласын материалдық қажеттіліктермен қамтамасыз ету дәрежесіне де байланысты емес. Ол ең бірінші ата-ананың баламен терең психологиялық байланыстың болуы тәрбиеге қойылатын бірегей талап, ол барлық ата-аналарға тәуелді және мұндай байланыс барлық жастағы балаларды тәрбиелеп жеткізуде қажетті болып табылады. Дәл осы байланыс арқылы балалар ата-анасының ерекше махабатын

сезінеді, олардың өздеріне қармор екенін сезіп, оларға одан сайын жақындай түседі.

Осы байланысты сақтаудың негізі – баласының өмірдің барлығынан туралы хабардар болу, баласының кез- келген тіпті елеусіз мәселелеріне қызығушылықпен араласа білу, өсіп келе жатқан жас өспірімнің ішкі жан дүниесінде болып жатқан барлық өзгерістер туралы біліп жүруге, оларды түсінуге деген ата-ананың ынталы болуы керек екендігі күмән келтірмейді. Әрине бұл байланыс баланың жасына байланысты әр түрлі болып келеді.